|--------------------|------------|----------|-----------|------------|---------|------------------------|------------------|-------|
| 2-сынып<br>60      | 60         | 70       | 90        | 60         |         |                        |                  |       |
| 3-сынып<br>62,5/56 | 62,5       | 75       | 75        | 56         | 62,5    |                        |                  |       |
| 4-сынып<br>62,5/67 | 67         | 83,3     | 67        | 100        | 83,3    | 100                    |                  |       |
| 5-сынып<br>89/89   | 89         | 100      | 89        | 89         | 89      | 89                     | 89               |       |
| 6-сынып<br>57/75   | 100        | 100      | 75        | 87,5       | 87,5    | 87,5                   | 87,5             |       |
| 7-сынып<br>50/50   | 50         | 100      | 50        | 62,5       | 50      | 62,5                   | 50               | 50    |
| 8-сынып<br>92/91   | 91         | 100      | 91        | 91         | 91      | 100                    | 91               | 100   |
| 9-сынып<br>42/58,3 | 75         | 100      | 75        | 58,3       | 58,3    | 67                     | 58,3             | 75    |
| 10-сынып<br>71/100 | -          | 100      | 100       | 100        | 100     | 100                    | 100              | 100   |

2- сыныпта 1 үздік,5 екпінді сапа 60 пайыз. Қайыржан Әлинұр ылғи 3-ке шыққан.

3 сыныбында 2 озат,7-екпінді. 2023-2024 оқу жылымен салыстырсақ сапа-62,5 пайыз болған, 2024-2025 оқу жылындағы 1-тоқсанмен салыстырсақ 56 пайыз болып, -6,5 пайыз төмен.

Адеханов,Арысбек,Асқар,Сузақов ылғи 3-ке кеткен. Жеңісұлы Мерей мен Қайыржанқызы Фируза екпінді оқушы қатарынан түсіп қалған.

4-сыныпта өткен жылы 62,5 пайызбен аяқтап,І тоқсанда 67 пайызға көтерілген. +5,5 2 озат,2 екпінді.

5-сынып бойынша өткен жылы 89 пайызбен аяқтаса,осы оқу тоқсанында да 89 пайызды ұстап тұр. 1 озат,7 екпінді.6-сыныптан 57/75 пайызды көрсетті. +18 пайыз. 1 озат,5 екпінді.

7-сынып 50/50. 4 екпінді.

8-сынып 92/91 -1 10 екпінді.

9-сынып 42/58,3 +16,3 2 үздік,5 екпінді Мақсат Самғат пен Иван Темірлан екпінді оқушы,Шалатай Мәдина үздікоқушы қатарына көтерілген.

10- сынып 2 озат,3 екпінді. 71/100. өткен жылы төмен үлгерім көрсеткен Олжабай Хамза колледжге грантқа түскен.

**Білім сапасының динамикасы :** Білім сапасын 2023-24 оқу жылында 65 пайызбен аяқтадық. І тоқсан соңында 69пайызға көтерілген. + 4 (Мониторинг қосымша тіркелді).

**2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдарын санын салыстырғанда бастауыш сынып бойынша сынып- комплектерінің саны өзгерді, орта буында тұрақты , жоғары буында 1 сыныпқа артқаны байқалады (Бағаланатын кезеңдегі білім алушылар контингентінің тізімі әдістемелік ұсынымдағы 8 қосымшаға сәйкес көрсетілген).**

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 277 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген «ҚР Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту туралы кешенді жоспары», Ақтөбе облысы білім басқармасының 2015 жыл 1 қыркүйегіндегі № 733 бұйрығымен күшейтілген Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы негізінде жылдық жоспар жасалынды. Жоспар 8 бағыт бойынша құрылды.

**Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:** Оқушылардың танымдық іс әрекетін ұлттық тәрбие жүйесінде ұйымдастыру арқылы дарынды балалардың қабілетін ашу.

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Мектепте оқу-тәрбие үдерісін Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарастарына сүйене отырып, ұлттық тәрбие негізін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Әрбір жеке тұлғаның жеке шығармашылық қабілетін дамыту;
- Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға таңдау жасауға мүмкіндік туғызу;
- Мектеп-оқушы-отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайт;
- Құқықтық сауаттылық бар қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- Оқушылардың Қазақстан республикасы рәміздеріне сыластықпен, құрметпен қарауын қамтамасыз ету;
- Оқушы бойында өзінің денсаулығын сақтауға және адамгершілік дамуына деген саналы көзқарас қалыптастыруына жағдай жасау.

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында** мектепте оқу-тәрбие үдерісін Абайдың педагогикалық-психологиялық көзқарастарына сүйене отырып, ұлттық тәрбие негізін қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Ақтөбе облысы білім басқармасының Темір аудандық білім бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

1 қыркүйек - Білім күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. 1 қыркүйек -Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізді. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талдауға басты назар аударылды. Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар бар, еңбексүйгіштік, білімге деген сүйіспеншілік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылады. Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз негізгі бағыт** бойынша жүзеге асырылады.

Президент 2022 жылды - Балалар жылы деп жариялады. Мұндағы мақсат - өскелең ұрпақты қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасау. Қасым - Жомарт Тоқаев өз сөзінде балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз, - деп баса айтты. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (12-бап) (білім беру органдарының кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі құзыреті көзделген); Қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды анықтау бойынша «Кеш», «Жасөспірім», «Түнгі қала» т.б рейд жұмыстарын жүргізу. 7-8 сынып оқушыларының әлеуметтік қызығушылығын анықтауға әлеуметтік диагностика жұмыстарын жүргізу.

## **Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбиесін**

**1-** қыркүйек «Білім күні» мерекесі аясында мектебімізде мерекелік жиын ұйымдастырылды. Жиында 1 сынып оқушылармен белсенді ұландар және ауыл әкімі, ардагер ұстаздар қатысты. 1 сынып оқушыларына әліппе берілді. Сыныптар арасында өткізілген білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. 5-9 қыркүйек аралығында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына байланысты өткізілген тілдер апталығы аясында “Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ халқының ұлы көсемі” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. “Тұрмыстық қалдықтан-кәдеге” эко байқауы өткізілді. 5-9 желтоқсан аралығында “Тұғыры биік-Қазақстан!”, “Ұлттық рухани жаңару-Тәуелсіздік” бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Ұланбасы тағайындалады және мүшелер сайланды. Ай-сайын отырыстар, мектепшілік апталық жиындар ұйымдастырылды. Ұландармен қырандардың күнделікті мектеп формалары, сабаққа кешікпей келуі тексеріліп тұрды. Сонымен қатар оқушылардың күнделіктері ай сайын тексерілді. Зерде бағыты бойынша «Тәуелсіздік - асулардың асқары» «Жас Ұлан» ұйымына салтанатты қабылдау жиын өтті. Жиында «Жас Ұлан» анты қабылданды. “Жас Ұландарға” галстук төс белгі, “Жас қырандарға” төсбелгі тағылды. Төс белгілер мен галстук тағу үшін мектеп директор және ұстаздар шақырылды.

Өткізілген іс-шаралар уақытылы Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісінде жарияланып отырды. Әлеуметтік парақша атауы: [https://www.instagram.com/abai\\_zhobbm](https://www.instagram.com/abai_zhobbm)

**4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі):**

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

**1) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)**

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында *рухани – адамгершілік тәрбиесін* іске асыру іске асыру бағытында жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру мақсатында жұмыстар жасалды. Жылдық жоспар бойынша насихаттаушы – ақпараттық топ құрамы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді.

Тамыз, қыркүйек айларында әлеуметтік педагог, Ж.І.Бисенғалиеваның ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясын өткізілді. Акция аясында мектеп түлегі Бакенов Досбол мен Сәттібаев Әлібек аз қамтылған, көп балалы отбасыларға мектеп киімдері мен оқу құралдарын сыйға тартты.

Жыл бойына мектеп психологы Ашықбаева А «Сенім жәшігі» жобасын қадағалады.

Қазан айында тәлімгер А.Бисенғали мен Жас ұлан ұйымы мүшелері «Ұстазға құрмет- шәкірттік ізет» мерекелік концертін ұйымдастырды.

ДТІЖО, тәлімгер және өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қазан айында акция өткізіліп, қарттар күніне орай “Қарты бардың- қазынасы бар” тақырыбында “Жас ұлан” ұйымының белсенділері ауылымыздың қариясы Мұхтар атамyzдың үйіне көмек көрсетілді.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып биология пәні мұғалімі Н.Ж.Сабыр бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мүгедек қарт адамдарға көмек беру мектептің, ауылдың дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

26 қаңтар күні “Абай ұлағаты” күні аясында тіл-тарих бірлестігінің ұйымдастыруымен “Абай оқуларының” мектепшілік кезеңі өткізілді.

1 наурыз -Алғыс айту күніне орай “Алғыс-ізгіліктің бастауы” атты бейнеролик әзірленді.

“8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні” аясында “Ана-өмірдің гүлі” бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Мамыр айында “Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” үздіктер шеруі өткізілді. 31 мамыр күні “Сыңғырла, күміс қоңырау!” салтанатты жиыны өтті.

## **Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында ұлттық тәрбиені іске**

**асыру бағытында** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау мақсатында жұмыстар жасалды.

“100 кітап” акциясы аясында кітапханашы Ж.Көрпешова нәтижелі жұмыстар жүргізіп, мектеп түлектерімен байланыс жасады. Мектеп түлектері мектептің көркем әдебиеттер қорына кітаптар сыйға тарту етті. Бастауыш сынып бірлестігі ақпан айында “Бабалар аманаты” батырлар жыры ертегісінен қойылымдар көрсетті. Наурыз айында “Ұлттық қолөнер-тәрбиенің көзі” атты мектепшілік көрме ұйымдастырылды. Сәуір айында “Ұлттық ойындар-асыл мұрамыз” асық ойындары ұйымдастырылды. Мамыр айында “Ынтымағы жарасқан” жиын өткізілді.

## **Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында отбасылық тәрбиені іске асыру бағытында**

2022-2023 оқу жылында отбасылық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ отбасы күніне арналған “Әкем, анам және мен” отбасылық спорттық сайыс өтті. Психолог Ашықбаева А.Е бірінші сынып оқушыларын психологиялық кеңес берді. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында жағдайы төмен отбасы балаларына сыйлықтар берілді. Әкімшілік шыршаларға қатысу ұйымдастырылды. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілері “Мектеп, оқушы, ата-ана” тақырыбында бірлескен семинар өткізілді. 9-13 қаңтар аралығында “Менің отбасымдағы мамандық” сынып сағаттары өтті. «Әйгерім» қыз балалар клубының ұйымдастыруымен “Әлемнің жарығын сыйладың сен маған” аналармен кездесу кеші өткізілді.

“Бозбала” ұлдар клубының жылдық жоспарына сәйкес қазан айында “Әке көрген оқ жонар”, “Әкеге қарап ұл өсер” әкенің отбасындағы орны туралы дөңгелек үстел отырыс өткізілді. Ақпан айында “Ер жігіт екі сөйлемейді” тақырыбында ер азамат атына лайық бол төңірегінде пікірталас кеші өткізілді. Наурыз айында “анаңа ауыр сөз айтпа” аналармен кездесу кеші ұйымдастырылды.

“Зере” аналар клубының жылдық жоспарына сәйкес “Қызым қызғалдағым” өнеге сағаты, “Қыз бала ұяты-халықтың шырайы” аналар кеңесі болып өтті.

«Әйгерім» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі болып А. Ашықбаева бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынды. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар өткізіліп, жылдық отырыстар болып хаттамалары жазылды.

Ұлдар тәрбиесін жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Бозбала» ұлдар клубы. Клуб жетекшісі дене шынықтыру пән мұғалімі Әбіш Тоқмырза «Бозбала» ұлдар клубының жылдық жұмыс жоспары 8-11-сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отан сүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалай алу, қоғамдағы өз орнынды білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар жүргізілді.

«Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. "Адал ұрпақ" ерікті мектепшілік клубы қызметі ұйымдастырылды. Жауаптылар: ДТІЖО, тәлімгер. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Балаларды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында “Адалдық дүкені” жыл бойына ұйымдастырылды. «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмелері, тренингтер, сыныптан тыс шаралар, апталық жұмыстар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырылды.

2022-2023 оқу жылында «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылды. Клубқа 8-11 сынып оқушылары қабылданды. Жетекшісі болып Адилова Молдір бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Жетекші мен оқушылар мектепшілік дебат клубымен қатар аудандық дебат клубының жұмыстарына белсене қатысты. Оқушылардың аудандық дебат клубының жұмыстарына қатысу, сөз сөйлеу арқылы өздерінің білімдерін толықтырып отырды. Мектептік дебаттық клуб – «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы негізінде құрылып, жалпымәдени, зияткерлік, зерттеушілік, коммуникативті, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған балалардың шығармашылық бірлестігі. Мектептік дебаттық клуб білім беру ұйымы директорының бұйрығы негізінде құрылды. Мектептік дебаттық клуб қызметіне

жалпы басшылық пен бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Мектептік дебаттық клубы әкімшілікпен, мектеп мұғалімдерімен, қосымша білім беру мұғалімдерімен және аймақтық дебаттық клубының жетекшілерімен өзара тығыз байланыс жасайды. Ауданнан өткізілген турнирлерден Алғыс хатпен марапатталды.

**2022-2023 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды.** Қыркүйекте “Біздің денсаулығымыз өз қолымызда” атты денсаулық фестивалі өтті. Фестивальға 1-11 сынып оқушылары мен мектеп ұжымы түгелдей дерлік ат салысты. Әрбір ай сайын “Тоғызқұмалақ” ойыны, “Ақбозат” шахмат жарысы, “Үстел теннисі”, “Көңілді доп” хоккей ойыны, “Жаяу көкпар” ұлттық ойыны, “Шаңғы жолдары шақырады” іс-шаралары ұйымдастырылып тұрды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында ақылы спорт үйірмелері ашылды. Оқушылар уақытылы спорт үйірмелеріне қатысып отырды. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде сабақтан тыс «Үстел теннисі», «Волейбол» үйірмелері жұмыс жасайды. «Үстел теннисі» үйірмесінің жетекшісі: Т.Ж.Әбіш, «Волейбол» үйірмесінің жетекшісі: Ә.К.Сәлімгереев жүргізді.

Үйірменің мақсаты мен міндеттері білім алушылардың спорттық бағыттағы дене жаттығуларымен тұрақты шұғылдануға, жарыс қызметін жүргізуге тарту. Салауатты өмір салтын белсенді насихаттау, темекі шегудің дамуына қарсы, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу мен балалардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу болып табылады.

Оқу жылы басында тақырыптары көрсетілген оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылған және мектеп директорымен бекітілген. Сабақ өткізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің орындалуы қамтамасыз етілген.

Өткізілген іс-шаралар уақыты Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісінде жарияланды.

Мектебімізде 9 сынып оқушыларымен «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізіледі. Курсты тарих пәні мұғалімі С.К.Каракойшин дәріс береді.

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиені іске асыру бағытында көптеген жұмыстар жасалды. Әр тоқсан сайын “Үздік сынып” байқауы жүргізіліп отырды. Байқау барысында білім сынағын сәтті тапсырған, сол тоқсан ішінде үлгілі тәртіп өнегесін көрсеткен, сабақтан себепсіз қалмаған, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқан үздік сынып марапатталды. Кітапханашы Ж.Көрпешова “Кітабыңды құрметте, күтіп ұста кірлетпе” рейд жүргізіп отырды. Қаңтар айында “Ғажайыптар мекені” атты танымдық ойынды бастауыш сынып бірлестігі жоғары дәрежеде атқарды. Сәуір айында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен “Табиғатты аялайық” атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Жыл бойында кәсіби бағдар беруші педагогтің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде “Үшқыр ой алаңы” мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру мақсатында көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру бағытында төмендегідей жұмыстар жасалды.

Қазан айында мектепшілік “Аяулы күз, Алтын күз” тақырыбында күз мезгілінің қыр сырын бейнелейтін байқау ұйымдастырылды. Бұл байқауға 1-9 сыныптар қатыстырылды. Сынып сынып бойынша өз өнерлерін көрсетіп, 5-сынып оқушылары Бас жүлде иеленді.

Наурыз айында “Көктемнің шуағы” аталымы бойынша “Мерейлі әз, Наурыз!” тәрбие сағаттары өткізілді. 16 наурыз күні “Береке” күні ардагер ұстаздар мен ата-аналарға құрмет көрсету мақсатында 18-наурыз күні “Мерекелі, берекелі Наурыз той!” 1-11 сынып оқушылары арасында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін, кеңісті құру мақсатында дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын іске асыру бағытында төмендегідей жұмыстар жасалды.

“Тиімді тамақтану-денсаулық кепілі” дөңгелек үстелі өтті. Қысқы демалыс айларында спорттық шаралар, шаңғыдан жарыс өткізілді. Шахматтан, волейболдан, көктемгі кросс үнемі өз уақытында өткізіліп отырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастырумен “Жасөспірім және зиянды әдеттер” атты дөңгелек үстел өткізілді.

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс – шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс- шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар: мектепте оқушыларға құқықтық сананы қалыптастыру, ақпараттар арқылы саяси ойлау қабілеттерін, өз ойларынша сараптауды, жағдаяттарды бағалау, алған біліктерді өмір жағдаяттарында қолдана білуге және рухани қасеттері мол шығармашыл белсенді азамат тәрбиелеу мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуір №145 бұйрығын басшылыққа ала отыра, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы «19» тамыз №252 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» және №472 бұйрық негізінде және 1) Қазақтан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>; 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>; 3) «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>; 4) ҚР «Тіл туралы» заң түсіндіру жұмыстары; 5) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>; 6) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>; 7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» түсіндіру жұмыстары; 8) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

9) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214- IV заңы бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсету <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>; 10) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>; 12) 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>; 13) «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңды негізге ала отырып профилактикалық жұмыстар жүргізу туралы нормативтік құжаттар мен тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған. Төмендегі кестеде 2022-2023 оқу жылының маусым айына дейінгі өткізілген апталықтың іс- шаралары қамтылған.

| №  | Іс-шара атауы                                                                                                 | Мерзімі   | Сыныптар      |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|---------------|
| 1  | Білім күні (Тәуелсіздікке 30 жыл)                                                                             | қыркүйек  | 1-9           |
| 2  | Тілдер айлығы. «Тәуелсіздік-мемлекеттік тіл тірегі» 5-қыркүйек (.апталық)                                     | қыркүйек  | 1-9           |
| 3  | «Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес»және Адамдарға қуаныш сыйла!»қайырымдылық акциясы                 | қыркүйек  | 1-9           |
| 4  | «Ұстаз- деген жарқын күні ғаламның» - жалпы мектепшілік мереке.тәрбие сағаттары                               | қазан     | 1-9           |
| 5  | «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?»«медицина қызметкерімен кездесу                                         | қазан     | 1-9           |
| 6  | «15-қараша Ұлттық валюта күні тәрбие сағаттары                                                                | Қараша    | 1-9           |
| 7  | Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы Үздік Эссе конкурсы                                                            | Қараша    | 5-9           |
| 8  | Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі дебат                                                                        | Желтоқсан | Клуб мүшелері |
| 9  | Елбасының көпбасшылық сабақтары тәрбие сағаттары                                                              | Желтоқсан | 1-9           |
| 10 | «Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»қамқорлық акциясы                                                     | Қаңтар    | 1-9           |
| 11 | «Ғасырдың дара перзенті»(Д.А.Қонаев)                                                                          | Қаңтар    | 7-9           |
| 12 | «Құқықтық сауаттылық -заман талабы»әңгіме-сұхбат                                                              | Ақпан     | 7-9           |
| 13 | «Діни экстремизм-бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»ақпараттық сағат                                   | Ақпан     | 7-9           |
| 14 | «Наурыз -біріліктің,еңбектің , татулықтың,ізгіліктің мерекесі» мерекелік шара                                 | Наурыз    | 1-9           |
| 15 | Оқушылардың патриоттық,Отансүйгіштік қасиеттерін одан әрі арттыру.«Егер құқық орындалмаса »(тәрбие сағаттары) | Сәуір     | 1-9           |
| 16 | Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн. Онкүндік                                                                   | Мамыр     | 1-9           |

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу Тұжырымдамасы. Қыркүйектің бірінші күні білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Мектебімізде 2022 жылғы 1 қыркүйекте «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылды. Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті тұлғалар туралы мәліметтер берілді. 1-12 қыркүйек аралығында «Абайлаңыз, балалар!» акциясының арнайы жоспары құрылды. Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жасөспірімдердің әртүрлі оқиларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай «Абайлаңыз, балалар!» атты акциясы кестеге сай жоспар бойынша күн сайын іс-шаралар жасақталып, өткізілді. Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесі акциясының мақсаты - оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, көшеде дұрыс жүруге, жол белгілерін жатқа білуге үйрену және жолда көлік апаттарынан сақтандыру мен оқушылар өмірінің қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Көшеде сақ бол» тақырыбында шағын орталықтар, МАД және 1-7 сыныптар арасында жолда жүру және қауіпсіздік сабақтары жүргізіліп, «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен жиналыс және балалар мен жасөспірімдердің жолдар мен көшелерде жол қауіпсіздігін болдырмау мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып, балалардың қауіпсіздігі жөнінде видеороликтер көрсетілді. Әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Сенің досың жол белгілері !» 1-8 -сыныптар арасында викториналық сұрақ – жауап, педагог-психологтың ұйымдастыруымен «Қауіпсіз балалық шақ үшін» ұранмен «Жол тәртібін жадында ұста» тақырыбында 6-сыныпта ашық тәрбие сағаты,

7 -сынып жетекшісі А.Мухамбеткалиеваның ұйымдастыруымен «Жол ережесін білесің бе?», 5-сынып жетекшісі М.Каракойшинаның ұйымдастыруымен «Жол тәртібін білейік, аман -есен жүрейік» ашық тәрбие сағаттары өткізіліп және «Жаяу адамдардың міндеттері туралы не білесіңдер?» тақырыбында 1-4-сыныптар арасында сайыс сабағы өткізілді. Технология және бейнелеу пәні мұғалімі Н.С.Атшибаеваның ұйымдастыруымен «Қауіпсіздік кемпірқосағы» тақырыбында сурет байқауын өткізді. Кітапханашы Ж.Көрпешованың ұйымдастыруымен «Жазда оқыған бір кітабым» тақырыбында 5-7- сынып оқушыларымен таныстырылым өткізілді. Іс-шара мақсаты: оқырман қызығушылығын қалыптастыру, кітапты сүйетін және онымен жұмыс жасайтын ойлы оқырман тәрбиелеу. Жазғы оқулар бағдарламасына 20- дан астам пайдаланушы қатысты. Кітапханаға жаңадан 10 оқырман жазылды. «Оқылған кітаптар беттерімен» суреттер көрмесі бастауыш және орта сынып балаларына жағымды көңіл күй сыйлады. Ең белсенді қатысып отырған оқырмандар марапатталды. МАД, шағын орталық және сынып жетекшілер тәрбие саласы мамандары мектеп оқушылармен әр түрлі деңгейде шаралар кездесулер, сайыстар, сурет көрмелері, кітап көрмелерін ұйымдастырды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты.

Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

**Сынып жетекшілер бірлестігінің өзекті тақырыбы:** «Тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда класс жетекшілердің ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік шеберліктері мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру»

**Мақсаты:** Класс жетекшілерге заманауи озық технологияларды, әдіс -тәсілдерді меңгерту үшін әдістемелік көмек көрсете отырып,өз кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге, тәжірибелерін жинақтап таратуға жағдай жасау.

**2022-2023 оқу жылында 10 -сынып жетекші жұмыс жасады**

| №  | Аты-жөні                          | Сыныбы | Бала саны | Санаты            |
|----|-----------------------------------|--------|-----------|-------------------|
| 1  | Ашықбаева Лида Әлиқызы            | 1      | 16        | Педагог-сарапшы   |
| 2  | Ахметова Нургуль Аманжоловна      | 2      | 7         | Педагог-сарапшы   |
| 3  | Бердешова Марта Сериккалиевна     | 3      | 9         | Педагог-модератор |
| 4  | Қарабасова Айдана Боранғалиевна   | 4      | 9         | Педагог-модератор |
| 5  | Қарақойшина Мунира Коркитовна     | 5      | 10        | Педагог-модератор |
| 6  | Қошқарбаева Гүлзат Қанатқызы      | 6      | 14        | Педагог-сарапшы   |
| 7  | Салимгеерев Асет Кенжебекович     | 7      | 12        | Педагог-зерттеуші |
| 8  | Бегимбетова Гулжахан Тажмуратовна | 8      | 7         | Педагог           |
| 9  | Казмуханова Гулнази Бабатаевна    | 9      | 6         | Педагог-зерттеуші |
| 10 | Атшибаева Нургуль Саликовна       | 11     | 7         | Педагог-сарапшы   |

**Сынып жетекшілер бірлестігінің алға қойған міндеттері:**

1. Озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау
2. Ең үздік сынып жетекшілерін анықтау.
3. Ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау.
4. БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау.

**1. Оқушылардың жанұясына барып тұру.** Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысып, тұрмыстық акті дайындайды.

**2. Ата-аналармен хат алмасу, телефонмен байланыс жасау.** Сынып жетекшілері оқушылардың тәртібі, білім деңгейімен ата-аналарды хабардар ету мақсатында жүргізеді.

**3. Сыныптық, мектепшілік ата-аналар жиналысы.** Сыныптағы, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.

Сынып жетекшілері ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспарын бекітіп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізді. Олар ата-аналар жиналысына, ашық тәрбие сағатына, мерекелік іс-шараларға

ата-аналардың қатысуы, ата-аналармен сауалнама жүргізу, тренинг ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылды.

**Ата -аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:**

1) Ата -аналармен тұрақты байланыс орнату.

Мақсаты: отбасы мүшелерінің өзара қарым - қатынасын анықтап, кеңес беру, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыру;

2) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.

3) Ата -аналар ұжымын құру.

Бұл бағытта ата -аналар комитетін құру, оның жұмыс жоспарын жасау, оларды мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, атқарылған істерге талдау жасап отыру.

4) Ата -аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру. Жылына екі рет қыркүйек, мамыр айында жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сай өтеді.

Тәрбие жұмысы жөнінде педагогикалық кеңестерде , директор жанындағы кеңестерде қаралған мәселелер:

1.«Жалпыға бірдей міндетті оқуды ұйымдастырудағы, мектепке барар жол акциясы»

2.«Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалыу барысы, мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайы

3.«Оқушылардың жазғы еңбек демалысын ұйымдастыру туралы»

4.«Оқушылардың жанұяларымен жұмыс жүргізу, педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу»

5.«Ұлдар мен қыздар» клубының жұмыс жоспарларының орындалуы»

6.Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы;

«Жас Сарбаз» жетекшісі Ш.О.Нурмагамбетов біріккен жұмыстар және түнгі рейд жұмыстары жүргізді.

«Жас сарбаз»клубының жұмыс жоспары жасалып, белгілі бір бағыттар бойынша жұмыс атқарылды.

**Клуб жұмысының негізгі бағыттары.**Еліміздің жауынгерлі дәстүрі, жауынгерлік борыш, әскери мамандықтар туралы әңгіме, ұйымдастыру ;

- мектепте жауынгерлік және еңбек даңқы туралы көрме ұйымдастыру;

- оқушыларды батырлар өмірі мен ерлігі үлгісінде тәрбиелеу ;

- әскери-патриоттық тақырыпта шығарма, әңгіме, сурет, ән байқауларын өткізу;

- әскери-спорттық ойындар , жарыстар өткізу;

**Аудандық және мектепшілік есепте тұрған ерекше назардағы оқушылардың көрсеткіші**

| Оқу жылы   | Аудандық есепте | Мектепшілік есепте |
|------------|-----------------|--------------------|
| 2022--2023 | 0               | 0                  |
| 2023-2024  | 0               | 0                  |
| 2024-2025  | 0               | 0                  |

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің 26 желтоқсандағы 2014 жылғы №986 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия» жарлығына сәкес, ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес құрылып, жоспары жасалынды.

**Мақсаты:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу жұмыстарын жүргізу, келеңсіз жайттардың алдын алу, адам құқығын қорғау, психологиялық көмек көрсету.

Жоспарға сай педагог кадрларымен ата-аналарымен түрлі іс-шаралар жүргізіледі.

Мектептегі «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубымен бірлескен іс-шаралар жүзеге асады. «Адалдық сағаты» өткізіледі. **Акцияның мақсаты:** қоғамға, әсіресе өскелең жастар арасында «парасаттылық принциптерін ілгерілету», «парасаттылық, әділдік, шынайылық» ұғымдарын трендке айналдыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Оқушылармен **парасаттылық, әділдік, шынайылық** туралы сөз қозғалды. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің тұрақты дамуына қауіп және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Сыбайлас

жемқорлықпен күресу тек үкіметтің ғана емес, әркімнің міндеті болуы керек ...» деген болатын. Осы орайда акцияға оқушылар белсене қатыса отырып, өз пікірлерін білдірді. Парасатты, адал азамат дегенді қалай түсінесің? Бейнефильм көрсетілді. Мектепте ата-аналар комитеті, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» ата-аналар мектептері жұмыс жасайды. Ата-аналар мектебінің мүшелері мектептегі жүргізілетін іс-шараларға барынша араласады. Мектептің қамқоршылық кеңесі барлық мектеп тарапынан өтетін іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Мектепте ашық есік күндері, Әкелер күні, Аналар күні жоспарланып, дөңгелек үстел, спорттық сайыстар, шығармашылық сайыстар тұрғысынан ұйымдастырылды. Атап айтсақ қаңтар айындағы «Мектептегі бір күн» жобасы, ақпан айындағы «Менің қос бәйтерегім» әндер байқауы, «Мен және ата-анам» спорттық сайыстары, «Отбасымның дәстүрлі мерекелері» шығармашылық конкурстар, «Алғыс айту» күні, 8-наурыз, 9-мамыр мерекесі. Осы іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанының куәсі болдық. Алда өтетін де оқу, тәрбие саласындағы іс-шараларға белсенді түрде қатысып, ата-ананың мектеппен ынтымақтастығын арттыруымыз керек. Мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары сақталған. Оқушыларға білім алуға жағдай жасалған. Оқушылардың қосымша дамуы үшін спорттық секция тоғызқұмалақ компьютерлік кабинет жұмыс жасайды. Білім алушыларға медициналық, психологиялық тұрғыдан көмектер көрсетіліп, әртүрлі іс-шаралар, тренингтер өткізіледі. Мектептің, сынып бөлмелерінің санитарлық жағдайы жақсы, талапқа сай. Оқушыларға сынып жетекші, пән мұғалімдері, психолог, медбике т.б тарапынан көмек көрсетіліп тұрады. Сабақтан тыс қосымша сабақтар, секция жұмыстары жүргізіледі. Мектеп бойынша мектепшілік «Ұлағат» әкелер тобының тәрбиелік ықпалын арттырудың мынадай арнайы шарттары бар.

Ер балалар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу және патриоттық тәрбие беруді насихаттауды қамтамасыз ету, отбасындағы әкелер міндетін айқын көрсету мен ер балалар құқығын қорғау, кәмелеттік жасқа жетпеген балалардың тәрбиесі мен тұрмыс жағдайын тексеру мақсатында арнайы түсінік жұмыстары жүргізілді.

**2022-2023 оқу жылында рухани – адамгершілік тәрбиесін** іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс ең алдымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын құрумен басталды. Топ құрамы құрылған соң жұмыс жоспары құрылған болатын. Жоспар 5-9 сынып оқушылары арасында діни ағымдардан аулақ болу, толық түсінік алу мақсатында тәрбие сағаттары негізінде құрылған. Жұмыс жоспары бойынша мектеп қызметкерлері, ұстаздар, оқушыларға діни – экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға қатысатын отбасыларды анықтау диагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде мектепте намаз оқитын, үнемі мешітке баратын, дін жолында жүрген оқушылар жоқ. Мектеп оқушыларына сонымен қатар мектеп ережесіне сай киім кию туралы, олардың ата-аналарына мектеп формасын сақтау туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың дінге көзқарасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынып отырды. Мектеп оқушыларынан діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың бірі ол смартфон ұстауға тиым салыну болды. Оқушылар смартфон ұстау арқылы діни ағымдағы түрлі фото, бейнежазбаларды көруі мүмкін. Сондықтан мектеп оқушылары мен ата-аналарына түсінік жұмыстары жүргізіліп, қол қойдырылып алды. Мектеп бойынша «Рухани- адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылында арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2022-2023 оқу жылына арнап ақпараттық топқа жемқорлықтың алдын алу шараларына тарту етіп қойылды. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ» сурет көрмелері, тренингтер, сыныптан тыс шаралар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонын» жұмысы жоспары бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырылды. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылы бойынша азаматтық – патриоттық тәрбиені іске асыру бойынша «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Азаматтық – патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатында жұмыстардың бірі «Жас сарбаз» клубы. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 9- сынып оқушыларына арналып жасакталған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларға Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып. Клубтың негізі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру. Қазақстанның армиясымен таныстыру, жанындағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орныңды білу. Тақырып барысында түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастырылды. 2022-2023 оқу жылында көркем- эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтатын болсақ «Әйгерім» қыздар клубының жұмысы. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс

ұйымдастырылды. Қыздарға ереже таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар жүргізіліп, жылдық отырыстар болып, хаттамалары жазылды.

## **2. Қыздар ұйымының мүшелерінің бейнесін қалыптастыру**

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрлеріне жүгінсек қазаққыздары ешқашан ер-азаматпен бедел таластыруға ұмтылмағаны белгілі. Әріден келе жатқан әдепті берік ұстанған халық қызын ешкімге қорлатқан емес. Қазақ қашанда қызын әлпештеп өсіріп, оң жақта отырған қызға аңдап қарап, оның «ақылына көркі сай» болуын қадағалаған. Елімізде «қыз» сөзі және жалпы қыздарға байланысты халықтың ұғымында «қыз бала – елдің көркі, халықтың гүлі, өмір-тіршілігі» дегенді білдіреді. Қазақ халқында қызға берілген анықтама, оларға қойылған талап-тілектер, қызды еркелету, қызды тәрбиелеудің үлкен жолға қойылғанын көрсетеді. Ата-бабамыз қашанда қыз балаға ерекше қашанда қыз балаға ерекше қараған.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психозэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

«Қыздар жұмысы - бұл өзін-өзі жетілдіруге, жеке тұлғаны дамытуға, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлерді зерделеуге бағытталған ортақ мүдделері бар жалпы білім беретін мектептерінің 12-17 жастағы жасөспірім қыздарды біріктіру жолы болып табылады.

«Қыздар жұмысы» қыздар клубы облыстық Ережеге сәйкес әр мектепте құрылады және облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес мектептің іс-шаралар жоспары әзірленеді. Қыздар клубының жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог тағайындалуы мүмкін. Әдетте, қазақ отбасында қызға деген көзқарас пен құрмет ерекше. Өздеріне деген ерекше махаббатты қыздар өмір бойы сезініп өтеді. Әйел өзінің мінез-құлқын, өмір салтын, киімін, сыртқы келбетін бақылайды. Әйелдің басты мақсаты-отбасы ошағының ұйытқысы болу. Әйелдердің жаны нәзік, сезімтал, жылулық пен қамқорлыққа аса мұқтаж. Қыздар болашағы жарқын болу үшін жағымды сәттері көбірек болуы тиіс. Кейде қыздарға ата-ананың ыстық ықыласы жетпей жатады. Жасөспірім балалардың өмірінде қарым-қатынастың маңызы зор. Қарым-қатынас арқылы балалар қоғамның және әлеуметтік ортаның әдептілік нормалары мен қағидаларын меңгереді. Клубтың құрудың өзектілігі заманауи қоғамдағы қыздардың теріс қылықтары себеп болды. Жыныстық саладағы аурулардың көбеюі, жоспарланбаған ерте жүктілік, түсік тастау, психобелсенді заттектерді қолдану, қылмыс белсендіктің өсуі байқалады.

өз қызметінде келесі принциптерге сүйенеді: - әр оқушының жас және жеке басының ерекшеліктерін есепке алу;

- мейірімді психологиялық климат;

- іс-шараларды ұйымдастыруға жеке-белсенді көзқарас;

- жұмысты ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі және олардың қызметін тиімді қолдану;

- адамгершілік, ашықтық, қолжетімділік.

## **6. Қызмет мазмұны**

- Клуб өз қызметін тегін ерікті негізде жүзеге асырады.

- Клуб мүшелерінің мүдделерін ескере отырып, Клуб өз қызметінің бағдарламасын өз бетімен әзірлейді.

- Клуб жыл бойы жұмысты ұйымдастырады.

Сабақтарды өткізу формалары:

- психологиялық тренингтер
- «» ҚБ өкілдерінің шеберлік сабақтары;
- топтық пікірталастар;
- сауалнама;
- фильмдер мен бейнероликтерді көру және талқылау;
- «Асыл әжем» клубының мүшелерімен тақырыптық кездесулер және жеке әңгімелесулер; - медицина орталықтарының мамандарымен кездесулер.

### **Күтілетін нәтижелер**

Жасөспірім қыздардың өз денсаулығы мен қоғамдағы мінез-құлқына оң көзқарасы, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және өзіне деген сенімділікті нығайту, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, тұлға ретінде өсу, шығармашылық әлеуетті, ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеуге қызығушылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, халық тарихына деген сүйіспеншілікке баулу

2022-2023 оқу жылы бойынша "Әйгерім" қыздар клубының жылдық жұмыс жоспары құрылып, қыз балаларға таныстырылып, бекітілді. Жыл басында отырыс өтіп қыз балалар арасынан тазалықшылар, қабырға газеттерін шығарушылар сайланды. Сонымен қатар "Қыз қылығымен сүйкімді" қыздар жиналысы өткізілді. "Тазалық, тәртіп-басты талап" тақырыбында мектеп медбикесімен бірігіп дөңгелек үстел өткізілді. Қыз балалардың жеке бас гигиенасын бақылау, тазалық сақтауды үйрету, әңгімелесу. Және мектеп психологі Аязат Ереванқызының "Өмір қымбаттысың маған" тренинг ұйымдастырылды. "Әдеп пен ар-ұят қыздың көркі" №2 кезекті қыздар жиналысы өткізілді. Қызбалаларға адамгершілік, адалдық, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру мақсатында "Ана. Келін. Бойжеткен" көп балалы аналармен бірлескен дөңгелек үстел өткізілді. Қыз балалардың ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге бір-бірімен сыпайы сөйлеуге баулу мақсатында "Арулар аз болды ма атқа қонған" сынып сағаты өткізілді. Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, сұлулық т. б жан — жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту және бұрымды қыздарымыздың шаш күтімін насихаттау мақсатында "Қыздың көркі шаш" таным сағаты өткізілді. Қыз балаларымыздың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыта отырып "Қыздар көрінер қылығымен" тақырыбында кеңес айтылып, өз-ара пікір алмасты. "Артық болмас білгенің" тақырыбында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жанат Талғатқызы шебер класс өткізді. №3 "Қызға қырық үйден тыйым" қыздар жиналысы болды. "Жас өренге айтарым бар, құлақ салса" қыз балаларға кеңестер айтылды. Шараға мектеп медбикесі, тәрбие ісінің орынбасары қатыстырылды. Аналарының өлшеусіз еңбегін бағалауға үйрету. Еліне, Отанға деген балалық махаббатын арттыру мақсатында "Қызғалдақ" қыздар клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен мектеп дәлізінде "Өлемнің жарығын сыйладың сен маған" меркелік кеш тарту етілді. Сонымен қатар қыз балалар мерекемен құттықтау мақсатында қабырға газеттерін шығарды. "Бой түзеу, әуелі ой түзеу" тақырыбында бейнеролик әзірледі. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен "Денсаулықты күту, жеке бас гигиенасы" тақырыбында қыз балаларға қыз бойындағы тазалық туралы кеңес берілді. Сонымен қатар клуб мүшелерінің жүрек жарды өлең шумақтарынан, жазған эссе, әңгімелерінен "Шығармашылық - жетістік бастауы" тақырыбында мектеп дәлізінде көрме ұйымдастырылды.

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы аясында «Ұшқыр – ой алаңы» дебат клубының жұмыс жоспары әдеттегідей жыл басында бекітіліп, дебат клубының құрамы жаңартылды. Жетекшісі М.М.Адилова дебат ойыншылары жоғары сынып оқушылары болып табылады.

Логикалық және сыни ойлаудың көпшілік алдында еркін сөйлеуге тәрбиелейтін дебат ойыны - \* оқушылардың еркін сөйлей алатын қызықты ойын алаңы болып табылды. Жыл басында арнайы отырыс ұйымдастырылып, оқушыларға дебат ережелері толық түсіндірілді. Болашақ көшбасшы ретінде жеке тұлғаның қалыптасуын мақсат еткен дебат клубының алғашы ойыны «Үш тілділік- заман талабы», «Латын әліпбиі бізге керек пе?» тақырыптарымен басталды. Әр ойын барысында дебаттың өзіне тән сөйлеу ережелері түсіндіріліп отырды. Қызықты тақырыптар, қоғамдағы мәселелер дебаттың басты ойын тақырыбына айналды. «Ғаламторсыз өмір мүмкін бе?» «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот», «Балалардың қылмысына кім жауап беруі тиіс?» тақырыптары талқыланды. 2022-2023 оқу жылында «Ұшқыр-ой алаңы» дебат клубы құрылды. Клубқа 8-9 сынып оқушылары қабылданды. Жетекшісі болып М.М.Адилова бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, оқушылармен жұмыс жүргізілді. Жетекшілер мен оқушылар мектепшілік дебат клубымен қатар аудандық турнирлерде белсене қатысып жүр. Оқушылар аудандық дебат ойындарына қатысып, сөз сөйлеу арқылы өздерінің білімдерін толықтыруда. Мектепшілік дебат клубы – оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы негінде құрылды. Дебат клуб қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырды. Дебат клубы әкімшілікпен, мектеп мұғалімдерімен өзара тығыз байланыста жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін

іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, каникул уақында оқушыларының тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелері ашылды. Оқушылар кестеде көрсетілген уақыт бойынша үйірмелерге қатысты. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Волейбол», «Баскетбол», «Тоғызқұмалақ» үйірмелері жұмыс жасады. Үйірменің мақтауы мен міндеттері білім алушылардың спорттық бағыттағы дене жаттығуларымен тұрақты шұғылдануға баулу. Салауатты өмір салтын белсенді насихаттау., темекі шегудің дамуына қарсы, сондай-ақ құқықбұзушылықтар мен балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу болып табылады. Үйірмелердің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылған және мектеп директорының қолы қойылып, мөрімен бекітілген. Үйірме құрамындағы оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу, және қол жеткізген нәтижелерді тіркеу журналы бекітілген.

### **2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері**

Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:

2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 2-қосымшасына құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары.

**Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт** – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда. «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз айға – 9 іс-шара», «4 тоқсанға – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**

1. Ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

2. жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

2. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбек қорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішігі ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға

ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыржәне туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**6. 2023-2024 оқу жылында 10 -сынып жетекші жұмыс жасады**

| № | Аты-жөні                            | Сыныбы | Бала саны | Санаты            |
|---|-------------------------------------|--------|-----------|-------------------|
| 1 | Қарабасова Айдана Боранғалиевна     | 1      | 10        | Педагог-модератор |
| 2 | Ашықбаева Лида Әлиқызы              | 2      | 16        | Педагог-сарапшы   |
| 3 | Ахметова Нургуль Аманжоловна        | 3      | 8         | Педагог-сарапшы   |
| 4 | Камелова Арухан Ерболқызы           | 4      | 9         | Педагог           |
| 5 | Атшибаева Нургуль Саликовна         | 5      | 11        | Педагог-сарапшы   |
| 6 | Мукашева Айнур Аманжоловна          | 6      | 10        | Педагог-модератор |
| 7 | Қошқарбаева Гүлзат Қанатқызы        | 7      | 13        | Педагог-сарапшы   |
| 8 | Муханбеткалиева Амангул Айдуллаевна | 8      | 12        | Педагог           |
| 9 | Бегимбетова Гулжахан Тажмуратовна   | 9      | 6         | Педагог-модератор |

**Сынып жетекшілер бірлестігінің алға қойған міндеттері:**

- 7.1.Озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау
- 8.2.Ең үздік сынып жетекшілерін анықтау.
- 9.3.Ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау.
10. 4.БАҚ көздеріне, интернет желісіне жариялау.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**I. Ұлттық мүдде құндылығы:**

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

**Ұсыным**

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;

- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

#### **Талап құндылығы:**

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

#### **Ұсыным**

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

#### **Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар**

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен»
4. «Ұшқыр ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

#### **6-10 жастағы бала тәрбиесі**



**Ұсынылады:** тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болу қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

-халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

-қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

-халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

--бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

-ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

-әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

-қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

-халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

-бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану; ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, «Хан талапай», «Арқан тартыс», «Алтыбақан», «Айгөлек», «Белдесу», «Саққұлақ», «Тымпи», «Тоғызқұмалақ» т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

-әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Сөз өнері-қазына. Өз сөзін дәйекті жеткізу-әр балаға міндет екені ескертіліп, Шешендік сөздерді, мақал мәтелдер жинақтауды тапсырма ретінде беріліп отырды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында қатыгездік мәселелерін талдау тақырыбында дебат ойыны өтті. «Дәстүр. Кеше, бүгін, ертеңге», «Елдегі зорлық-зомбылықты жою мүмкін бе?» тақырыптары кеңінен талқыланып, бас төреші өз дәрежесінде ұпай есептеп, оппозиция не парламент топтары мадақталды. Ойыннан соң, достық қарым-қатынас сақталу үшін тренинг жүргізіліп, қол алысып аяқталды.

«Ахмет Байтұрсынов – тіл туының тұғыры» тақырыбында тіл-тарих бірлестігінің ұйымдастыруымен кеш өтілді. Тәуелсіздік күніне байланысты 1-9-сыныптарда «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді. «Ұлттық мектеп лигасы» «Тоғыз айға тоғыз шара» «Сергіту айы» болып белгіленгендіктен, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Дандибаевтың ұйымдастыруымен сергіту жаттығулары жасалды, оған мектеп мұғалімдері мен оқушылары атсалысты. Қараша айында «Асық ату», «Тоғызқұмалақ-дау» ұлттық ойындар өтілді.

Қаңтар айында «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында жоба аясында 1-9-сыныптар арлығында ұлттық ойындар өткізілді. 9 айға 9 шара: «Қазақ есебі» бейнематериалдар көрсетіліп, академик А.Жұмаділдаевтің өмірі мен еңбек жолы туралы түсінік берілді. 7-9-сынып оқушылары есептер шығарып, нәтижесінде жеңімпаздар анықталды. Сәуір айында «Денсаулық FEST» отбасылық эстафета атты жоба ұйымдастырылып, спорттық жарыстар өтті.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жоба жетекшісі Г.Қошқарбаева ұйымдастырумен Қазан айында Отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Қараша айында «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны», қаңтар айында «Жеткіншектердің интернетті пайдалануы проблемалар, салдары және мүмкіндіктері» Ақпан айында «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту», Сәуір айында «Мен ғаламтордан жақсылық іздеймін» іс-шаралар жоспарланып жұмыстар жүргізілді. Іс-шара барысында оқушылардың қызығушылықтары анықталды.

**«Төрт тоқсан-төрт өнер»** I тоқсан Республика күні мерекесіне арналған «Ақындар айтысы, «Алтын сақа» ойыны бойынша, «Ұлттық өнер»көрмесі, IV тоқсанда «Туған өлкем»фестивалі өтті.

**«9 айға-9 іс-шара»** 1-қыркүйек-білім күнінде «Мектеп-мейірім мекені»тақырыбында салтанатты жиын өтілді.

«Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен жолда жүру ережелері туралы тәрбие сағаттары өтті. Қазан айының 23-і күні Республика күніне арналған жаппай гимн айту күніне барлық мектеп ұжымы мен оқушылар мемлекеттік гимн орындады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Салимгереевтың ұйымдастыруымен «Асық ату», «Тоғызқұмалақ»ойындары өткізілді. Желтоқсан айында қазақ тілі пәндерінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Болашаққа хат» шығарма жазу байқауы өтті. Наурыз айының 17-і күні мектебіміздің мұғалімдері мен оқушылары «Домбырашылар» челленджіне қатысып, күй орындады.

Мамыр айының 12-сі күні «Жасыл мекен»акциясы аясында мектеп ауласына мектеп түлектері және 1-сынып оқушылары жеміс ағаштарын отырғызды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, мектеп пен ата-ананың арасындағы байланысты нығайту барысында мектебімізде ата-ананы қолдау бұрышы жасалып, 1-4-сынып және 5-9-сынып жетекшілері ата-аналарды қолдау сабақтарын өткізді.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: позитивті ата-ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әлауқатын, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестіктерді нығайту.

Міндеттері: балалардың саламаттылығын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзіретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.

Жүзеге асыру принциптері:

-ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлер сабақтастығы;

-үдерістің гуманистік бағыттылығы;

-ата-аналарға жекелей көмек көрсету;

-заманауи озық үлгілерді пайдалану;

-әлеуметтік серіктестікке басымдық беру;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес негізделеді.

Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауы арқылы жүзеге асырылады.

Нәтижесінде ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгеретінін біледі. Баланың қажетті мінез-құлқына қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелігінің бір ұшы ата-аналармен қоғамдастық мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күман тудырмайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл ол отбасы.

5 сынып оқушылары ата-аналары мен «Бақытыңды балаңнан ізде» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты бір-біріне деген сенімділікті нығайту. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. Мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналары қатысты.

«Біртұтас тәрбие бағдарлама» аясында көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. 3 құндылықты негізге ала отырып, тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар атқарылды.

#### 1. ҚҰНДЫЛЫҚ: Ұлттық мүдде

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

Елімнің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді

Құқықтық мәдениетті жоғары бағалайды.

#### 2. ҚҰНДЫЛЫҚ: Ар-ұят

-Ар-ұят адалдықты бағалайды

-Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады

-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

-Достарын, сыныптастарын сыйлайды

-Ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

### 3- ҚҰНДЫЛЫҚ: Талап

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастырады
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

2023-2024 оқу жылында өткізілген шаралар заман талабына сай әлеуметтік парақшаға жарияланды.

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді.**

#### **1.«Оқуға құштар мектеп» «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстар:**

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектепкітапханаларына қоғамның назарын аудару.

Міндеттері: Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу; Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс- шаралар жоспарын әзірлеу;

Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;

Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;

Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;

Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру;

«Оқуға құштар» мектеп жобасының жылдық жұмыс жоспары құрылып,бекітіліп ата- аналармен, ұстаздарға,оқушыларға арналған іс-шаралар атқарылды. "Кітабыңды құрметте - күтіп ұста кірлетпе" кітап тазалығы тексерілді. Кейбір оқушыларға ауызша ескерту берілді. "Кітаппен бірге жаңа әлемді ашамыз" тақырыбында жаңа көркем әдеби кітаптарға көрме жасақталып, оқырмандар назарына ұсынылды. 1 сынып оқушылары "Келіндер, танысайық" тақырыбында мектеп кітапханасының тынысымен танысып,ондағы сөреде жинаулы тұрған кітаптармен танысты. "Төрт тоқсан-төрт өнер" мәдени ағартушылық жобасы аясында 5-6 сынып оқушыларына "Мәдени мұраларға саяхат" тақырыбында таным сағаты өткізілді.Интернет желісін пайдалана отырып тарихи жәдігерлермен таныстырылды.Ж.Молдағалиевтің өмірі шығармашылығымен таныстыру,қалам өнеріндегі асқан дарынын,шеберлігін таныту сонымен қатар "Мен қазақпын" поэмасына талдау жасау. **Тәуелсіздік** – еліміздің ең ұлық мерекесі. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Аталмыш мереке аясында мектеп кітапханасында **"Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы"** атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылды.**Көрменің негізгі мақсаты** - жастарды еліміздің тарихи кезеңдеріндегі жүріп өткен жолы мен тәуелсіздігі туралы жаңа әдебиеттермен таныстыру. Отан – Ананы құрметтеуге, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығын мақтан тұтуға тәрбиелеу."Кітапхана - рухани қазына" тақырыбында оқырмандар арасында "Үздік оқырман" байқауы ұйымдастырылып Дәндібаева Гаухар "Алғыс хатпен" марапатталды. Бастауыш сынып оқушылары арасында "Мың бір мақал-жүз бір жұмбақ" сайысы өткізілді. Қожа бейнесі арқылы, оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүйуге, үлгі-өнеге алуға шақыру мақсатында қазақ балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" сыныптан тыс жұмыс жүргізілді. Оқушыларды кітап оқуға шақыру , әдеби кітаптармен таныстыру; -Ақын- жазушылардың шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. -Жас ұрпақты ақын-жазушылардың шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу мақсатында «Кітап оқы-жетістікке қадам бас» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Абай Құнанбайұлының өлеңдерін ойын арқылы оқыту және насихаттау, рухани жаңғыру аясында оқушыларға қаламгердің мұраларын ұсына отырып, кітапқа деген қызушылықтарын ояту. Іс-шара қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы

Абай Құнанбайұлына арналды. Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнефильм көрсетіліп, оқушылар екі топқа бөлінді. Квест ойын шарты бойынша балалар он аялдамадан өту керек. Бұл ретте топ жетекшілеріне карта және аялдамадан өту құжаты берілді. Абайдың табиғат лирикасына байланысты жазған

«Қыс», «Күз», «Жаз», «Жазғұтырым» өлеңдерін мәнерлеп оқып, ойын арқылы Абайдың өлеңінің жалғасын тауып, «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем Қаламқас» өлеңдері хормен айтылды. Тәуелсіз Қазақстан ата – бабаларымыздың орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Мыңдаған жылдық тарихы бар бұл күн қазақ тарихында алтын әріппен жазылды. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті- қазақтың басына қонған бағы деуге болады. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартты. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты. Осы айтулы мерекеге орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты мектеп дәлізінде көрме көрсетілді. Қазақтың батырлар жыры, шешендік өнері, мақал-мәтелі – ұлттық тәрбиенің негізгі мәйегі. Сан ғасырдан сарқылмай жеткен асыл қазына жас сананың азығы іспетті. Осы орайда "Тұлпар мініп ту алған" 7-9 сынып оқушылары арасында батырлар жырын оқу эстафетасы ұйымдастырылып, оқушылар жоғары деңгейде қатыстырылды. Отбасы- адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Челлендждің басты мақсаты білім алушыларымыздың отбасы мүшелерімен бірге оқыған кітаптарын насихаттап, кітап оқуға тарту, ата - анамен бала арасындағы ізгі қарым- қатынастың орнауына ықпал ету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қиялын өсіру, адамгершілікке, ізгілікке, ерлікке тәрбиелеу мақсатында белсенді оқырмандармен бірге «Ерте, ерте, ертеде...» дауыстап оқу өткізілді. қиял- ғажайып, батырлар туралы , «Торғай мен тышқан», «Сиқырлы таяқ», «Алтын сақа» ертегілерін жас оқырмандар дауыстап оқыды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Ғасыр ақыны - Мұқағали » атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту мақсатында "Іздегенде табылатын қасыңнан" жоғары сынып оқушылары арасында кеш өткізілді. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқыған кітаптың қызықты, мағыналы түйінін анықтау мақсатында челлендж ұйымдастырылды шараға 4-6 сынып оқушылар қатыстырылды. Әрбір бала бір жұлдыз, сол жұлдыздардың жарқырауына себепші оның ұстазы мен қолындағы кітабы. "Алғыс айту", "Сыйластық", "Құрмет" адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту мақсатында "Алғыс айту парызым" тақырыбында оқушылар ата-аналарына хат жазды. «Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - деген еді Ғабит Мүсірепов. 3-4 сынып оқушылары "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында шығарма жазды. Көзі ашық көкірегі ояу адам– кітапты көп оқыған, ғылымға бір табан жақын, белгілі бір салада жетістігі бар, дүниетанымы кең тұлға осы орайда "Кітап оқуға құмарлық" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Кітапхананың тұрақты оқырмандары, мектеп оқушыларының қатысуымен "Кітапты оқы-жетістікке қадам бас" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы ғылым мен білімнің пайдасы жайлы, түсіндіріп кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында "Кітап алтын қазына" дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кітапхана оқырмандарын рухани және интеллектуалды дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, кітапханаға келушілер санын ұлғайту, оқушылар арасында кітап оқуды тиімді насихаттап, ең көп оқитын сынып оқушыларын анықтау және мадақтау мақсатында "Ең үздік жыл оқырманы" байқауы өткізілді нәтижесінде Айса Инжумаржан "Ең үздік жыл оқырманы" мадақталды. Бәріміздің де туған жеріміз - қасиетті Қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол - тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық, "Достығымыз жарасқан" жоғары сынып оқушылары видеоролик әзірлеп оқырмандар назарына ұсынды. Ұлы Жеңіс күніне орай «Желбіре, Жеңіс жалауы» атты мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге тәрбиелеу.

**2023-2024 оқу жылында Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша психологиялық қызметтің перспективалық жылдық жұмыс жоспары** құрылды. Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

**1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде анықтама.**

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының 1 сыныбында 10 оқушы бар. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының

сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. 1 сынып оқушылары 100% ыстық тамақпен қамтылған.


1 сынып оқушыларының жетекшілерімен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Сынып жетекші оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Мектеп психологының жұмыс жоспары бойынша 14 қараша бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.


Қараша айында 1 сынып оқушыларынан «Баспалдақ әдістемесі», «Социометрия» әдістері алынды. Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін және достары арасында орынын анықтау. Қатысты: 10 оқушы.

| Сынып | Жоғары | Орташа | Төмен |
|-------|--------|--------|-------|
| 1     | 2      | 8      | 0     |



Қорытынды: Сынып оқушыларының мінездері ауыспалы соған байланысты бір-бірімен қарым-қатынастары да ауыспалы. Оқушылардың өздерін бағалауы жақсы.

Сыныптың қарым-қатынасы орташа деңгейде. Коррекциялық жұмыс: Сыныппен тренинг өткізу. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған әдістермен жұмыс. 14.11.23 күні 1 сынып оқушыларынан Керн-Йерасек тестті алынды. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау.



Қорытынды: Оқушының оқуға дайындығын зерттеу барысында-4 оқушы орташа деңгейді, және 6 оқушы жақсы деңгейді көрсетті. Оқушының оқуға дайындығын нормаға сай дегенді білдіреді. Мектепке бейімділігі қалыпты жағдайда.

12.11.23 күні: 1 сынып оқушылардың оқуға дайындығын анықтауға арналған тапсырмалар. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау және мектеп пен сыныптастары арасындағы қарым - қатынасын бақылау. Қатысқан оқушылар саны- 10 оқушы. Сынып оқушыларымен «Оқушылардың зейіні мен оқу мотивациясын» анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар алынды. Тапсырмалар арқылы оқушылардың зейіннің тұрақтылығы, мектеп пен сыныптастары арасындағы бейімделуі мен беделі анықталды. Жазу, оқу, сызу, сөздік қорлары жалпы сыныптың жақсы деңгейде.

20.11 күні «Кел танысайық» тренингі өтті. Барлық оқушылар өте белсенді қатысты. Өздерінің сүйікті істері, достары,

мектепте оқығандары ұнайтындарын айтты.

3 сынып оқушыларымен «Мен және отбасым» тақырыбында сурет алынды. Мақсаты: Оқушылардың отбасындағы рөлі мен қарым-қатынасын анықтау. Қатысқан оқушылар саны- 16.

12.12.19 күні 2 сынып оқушыларымен оқушылардың өзін-өзі бағалауын анықтау. Сынып арасындағы қарым-қатынасын бақылау. Мінез ерекшеліктеріне мән беру мақсатында тренинг өтті. Қатысқан оқушылар саны-7.

Қатыспағаны: 1 себепті. Тренинг барысында оқушыларға психологтың қызметі, қандай көмек көрсетілетіндігі айтылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Оқушылардың өздерін қаншалықты бағалайтындықтарын анықтау мақсатында «Менің жақсы қасиетім» деген жазбаша жұмыс берілді. Оқушылар өз бойындағы ұнайтын, ұнамайтын қасиеттерін жазды. Жаттығу қорытындысы бойынша оқушылардың көбі жақсы қасиеттерін айтқанда қиналды.

Оқушылардың есте сақтау, креативті ойлауын дамыту мақсатында «Сызықтарды екі қолмен жалғастыр» жаттығуы берілді. Оқушылар екі қолмен жазғанда басында аздап қиналды. Біра-ақ тапсырма балаларға өте ұнады. Оқушылардың көңіл күйлерін көтеру үшін тренинг соңында «Айдаһар» ойының ойнады.

11.12.23 күні 4 сынып оқушыларымен социометрия әдісі алынды. Қатысқан оқушылар саны-9 Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Сынып арасындағы оқушылардың қарым- қатынасын байқау. Оқушылардың сынып жетекшісімен, пән мұғалімдермен қарым-қатынасын анықтау.

Сынып оқушылары бір-бірімен ара қатынастары орташа. Мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы. Жалпы сыныптың сөздік қоры жақсы дамыған. Қиялдары, есте сақтау қабілеттері орташа.

Қиындық тудыратын пәндері: бес оқушыға ағылшын, төрт оқушыға-математика пәні.

Ұнататын пәндері: музыка, қазақ тілі, әдебиет, сурет, дене тәрбиесі. Қорытынды. Жалпы сыныптың оқу мотивациясы мен бір-біріне деген қарым-қатынастары жақсы. Мектепшілік сайыстарға, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысады. Оқушылар сынып жетекшесімен жақсы қарым-қатынаста.

***Оқушылардың орта буынға бейімделуі барысында жүргізген жұмыстар туралы анықтама. Желтоқсан 2023 ж.***

Мектебімізде 5 сыныбында 11 оқушы, оның ішінде 4- ұл, 7-қыз оқиды. Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, мектепшілік шараларға қатысуы жақсы.

5 сыныптың орта буынға бейімделуі жақсы. Анықтау мақсатында оқушылардың оқу әрекетінің мотивациясына арналған сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесінде сынып оқушылардың көбі жақсы көңіл күймен келетіндіктерін айтты. Оқушылардың пәнге деген көз қарастарын анықтауда оқушылардың ағылшын пәнінен оқуда аздап қиналатындықтарын көрсеткен. Оқушылардың барлық мұғалімдер мен және сынып жетекшілермен қарым- қатынасы өте жақсы. Оқушылардың есте сақтау қабілетін анықтау барысында 5 сынып бойынша есту арқылы есте сақтау- 25% , көру арқылы есте сақтау- 55%, көріп –қайталау арқылы есте сақтау- 75% нәтиже көрсетті.

Сынып оқушыларымен «Мен өмірді сүйемін», «Мен және менің әлеуметтік рөлім» , «Өз мінез құлқынды қалай тәрбиелейсің?» атты тақырыптар да психологиялық тренингтер өтілді. Онда оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне қарай нені білу керек екендігін білді. 5- сыныптың бастауыш сыныптан қандай айырмашылықтары бар екендігі туралы ойларын ортаға салды.

Оқушыларға мейірімділік, көңіл-күй, пәнге деген қызығушылық (көрнекіліктер), мұғалімнің көңіл аударуы қажет. Жалпы 5-сыныптың бейімделуі қалыпты жағдайда өтуде.

12.12 күні 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мақсаты: Оқушылардың оқуға деген көзқарасын білу. Сынып арасындағы оқушылардың қарым-қатынасын байқау. Оқушылардың сынып жетекшісімен, пән мұғалімдермен қарым-қатынасын анықтау. 7 сынып оқушылары бір-бірімен өте тату. Мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы. Сабаққа ынталары орташа. Сынып жетекшісімен ара қатынастары жақсы. Сауалнама нәтижесінде сынып оқушылардың көбі жақсы көңіл күймен келетіндіктерін айтты.

6.11-10.11 күндер аралығында 5-11 сыныптар арасында оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

13.11.19 күні 8 сынып оқушыларымен «Мен өмірде қандай жетістікке жете аламын?» тақырыбында тренинг сабақ өтті. Мақсаты: Балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, адамгершілік қасиетін жоғарлату. Өмірде өз орындарын дұрыс табуға көмектесу.

19.11.23 күні 9 сынып оқушыларынан тест алынды. Мақсаты: 9 сынып оқушылардың қандай пәнге деген қызығушылықтарын анықтау. Сауалнама 37 сұрақтар құралған. Барлық оқушылар толық жауап берді.

6 қазан күні сынып жетекшілерден сауалнама алынды. Мақсаты: Сыныптағы проблемалық ахуалды, беделді, тұйық оқушыларды анықтау. Сауалнама көмегімен жеке оқушыларды зерттеу. Сауалнама 7 сұрақтан құралған. Жалпы сынып жетекшілер саны 9. Қорытынды: Оқушылардың оқу мотивациясы мен ұстаздармен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, психологиялық диагностика жүргізіліп, анықталған оқушылармен психологиялық түзету жұмыстары жүргізіледі. 15.11 күні 8 сынып оқушыларынан сауалнама (А. Басс және А.Дарки) алынды.

Мақсаты: Агрессиялық мінез-құлықты анықтау. Қатысқаны: 12 оқушы.

Сауалнама 75 сұрақтан құралған. Сауалнама арқылы оқушылардың өмірдегі әр түрлі жағдайларға қалай қарайтындықтарын анықтау болады.

28.11 күні мұғалімдер арасында «Ұжымды біріктіру. Эмоциялық көңіл күйлерің көтеру» мақсатында тренинг өткізілді.

4.12.2023 күні қызбалалардың қауіпсіздігі мен сауаттылығын арттыру. **Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында**

6-9 сынып қыздары арасында жиналыс өтті. Қыздарға ерте жүктіліктің зияны жөнінде. Адам денсаулығы мен болашағына тигізер зардабы жөнінде мектеп медбикесі дәріс оқыды.

Дәріс барысында қыздарға презентация көрсетілді. Етеккір жөнінде ақпарат берілді. Қорытындысы бойынша: 7-11 қыздары ақпарат көздерімен таныс, бастапқыдан қарағанда ерте жүктіліктің қаншалықты зиян екендігі анық түсіне біледі.

I жартыжылдық бойында алынған сауалнамалар(оқу мотивациясын анықтау, социометрия, қызығушылық картасы, ерте жүктіліктің алдын алу, интернетке тәуелділікті анықтау, агрессивті мінезді анықтау, тәуекел топты анықтау, мұғалімдер және ата-аналардан сауалнамалар алынды).

2-9- сынып оқушылары арасында «Социометрия» әдісі алынды. Әр сыныптың ахуалы анықталды. Анықталған оқушауланған оқушыларды ортаға қосу бағытында сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

Қаңтар айында 7- сынып оқушыларымен «Әлемде жоқ жануар» проективтік әдістемесі өткізілді. Салынған суреттер талданып, қорытындыланды.

### **Әдістемелік жұмыс.**

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Даму, түзету және білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
2. Диагностикалық нәтижелерді өңдеу және талдау, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар дайындау
3. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау
4. Мұғалім-психологтың құжаттамасын рәсімдеу
5. Мектепішілік ата – аналар жиналысына қатысу

**Ата – аналармен жұмыс.** Мектеп, ата-ана байланысын жақсарту мен оқушылардың ата- аналарымен байланысы, қарым - қатынасын жақсарту, оқушылардың ғаламтор желісіндегі сауаттылығын арттыру, буллинг пен кибербуллингінің алдын алу мақсатында мектебімізде ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Жиналыс барысында ата - аналарға балаларының психодиагностикалық жұмыстары таныстырылып, сәйкесінше ұсыныстар берілді. Ата – аналарға зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды. 9 сынып оқушыларының ата – аналарына емтихан кезіндегі баласына қолдауы қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары өткізілді. «Ата - анамен бала арасындағы қарым – қатынас», «Девиантты мінез-құлықтың алдын алу», «Бала құқығы – отбасы құқығы», «Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас», «Мектептегі буллинг», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез – құлқы», «Ата – аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі», «Жанұя бақыты», «Буллингтен қалай қорғануға болады?» тақырыптарында жиналыстар, тренингер ұйымдастырылды, жадынамалар таратылды.

**Мұғалімдермен жұмыс бағыты:** Мұғалімдердің өзара қарым- қатынастарын қалыптастыру, психологиялық күйіп кетудің алдын алу, жұмысқа деген белсенділіктерін арттыру мақсатында «Мен және менің ұжымым», «Мен ғажайыпшын», «Мектептегі буллинг», «Бірлігі жарасқан ұжым» тақырыптарында алдын алу, түзету- дамыту бағытында тренингтер, ойындар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар легі жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Алдағы уақытта оқушылармен, ата-аналармен әлде де

тығыз байланыста болып, бала тәрбиесі мәселесіне байланысты жүргізілетін жұмыстар шешімін табады деп есептеймін.

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы жұмыстар** Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаев 2024 ж Ұлттық Құрылтайдың «Әділетті Қазақстан –Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын ата көрсетіп, «Біртұтас бағдарламасын» жүзеге асыруды мақсат етті. Бұл бағдарлама барлық ұйымдарда енгізіліп, қазіргі таңда жүзеге асырылуда. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше аудару міндетін қойды. Ұлтың жаңа келбетін қалыптастыратын:

Бағдарлама 6 құндылыққа негізделген.

**Тәуелсіздік және отаншылдық**

**Бірлік және ынтымақ**

**Әділдік және жауапкершілік**

**Заң және тәртіп**

**Еңбекқорлық және кәсібибіліктілік**

**Жасампаздық және жаңашылдық** құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындайды. Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз –әділдік, тірегіміз- жауапкершілік, мақсатымыз- өрлеу» ұсынымына негізделе отырып, қыркүйек айынан бастап жоспар құрылып, жұмыс жүйесі орнатылды.

**Күнделікті атқарылатын іс-шаралар:**

Үзіліс кезінде «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында асық, тоғызқұмалақ, бес тас ойындары ойнатылады. «Өнегелі 15 минут» тек ата-аналар мен ғана емес мектептің ұлағатты ұстаздарымен де жеке әңгімелеу жүргізіледі.

«Күй күмбірі» қоңыраудың орнына күйді пайдалану қолға алынды.

«Оқуға құштар» жобасы аясында мектепте үзіліс кезінде «5 минут кітап оқы» шарасы ұйымдастырылады.

**Апта сайын атқарылатын іс-шаралар:**

«Апта дәйексөздері»

Әр дүйсенбіде білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Тәрбие сағаттарында «Қауіпсіздік сабағы» ұйымдастырылады.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік жобаларға жетекшілер бекітіліп, жұмыс жоспары жасалынды.

«Қамқор» жобасы жетекшісі Ш.О.Нурмағамбетов

«Шабыт» жобасы жетекшісі М.З.Наурзалин

«Еңбегі адал –жас өрен» жобасы К.Б.Дандибаев

«Ұшқыр ой-алаңы» дебат жетекшісі М.М.Адилова

«Балалар кітапханасы» жобасы жетекшісі С.К.Каракойшин

«SMART BALA» жобасы жетекшісі Е.Б.Ашыкбаев

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс жасауда.

2024-2025 оқу жылы бойынша сынып жетекшілердің кадрлық құрамы:

| № | Аты-жөні                        | Сыныбы | Бала саны | Санаты             |
|---|---------------------------------|--------|-----------|--------------------|
| 1 | Серік Гаухар Серікқызы          | 1      | 6         | Педагог            |
| 2 | Қарабасова Айдана Боранғалиевна | 2      | 10        | Педагог- модератор |

|    |                                   |    |    |                    |
|----|-----------------------------------|----|----|--------------------|
| 3  | Ашықбаева Лида Әлиқызы            | 3  | 16 | Педагог- сарапшы   |
| 4  | Ахметова Нургуль Аманжоловна      | 4  | 8  | Педагог-сарапшы    |
| 5  | Каракойшина Мунира Коркитовна     | 5  | 9  | Педагог-модератор  |
| 6  | Атшибаева Нургуль Саликовна       | 6  | 8  | Педагог-сарапшы    |
| 7  | Мукашева Айнур Аманжоловна        | 7  | 7  | Педагог-модератор  |
| 8  | Шорабаева Мейрамгуль Едилхановна  | 8  | 12 | Педагог-модератор  |
| 9  | Салимгереев Асет Кенжебекович     | 9  | 12 | Педагог- зерттеуші |
| 10 | Бегимбетова Гулжахан Тажмуратовна | 10 | 5  | Педагог-модератор  |

#### Сынып жетекшілер бірлестігінің алға қойған міндеттері:

1. Озық тәжірибені жинақтау, саралау, мониторинг жасау
2. Ең үздік сынып жетекшілерін анықтау.
3. Ең үздік сынып сағаттары, сыныптан тыс шараларды анықтау.

#### Құқықбұзушылықтың алдын-алу шаралары туралы

«Жас сарбаз» жетекшісі Ш.О.Нурмагамбетов біріккен жұмыстар және тнгі рейд жұмыстары жүргізілді. Клубтың жоспары жасақталып, бағыттары бойынша жұмыстары атқарылуда.

Аудандық және мектепшілік есепте тұрған ерекше назардағы оқушылардың көрсеткіші:

| Оқу жылы  | Аудандық есепте | Мектепшілік есепте |
|-----------|-----------------|--------------------|
| 2022-2023 | 0               | 0                  |
| 2023-2024 | 0               | 0                  |


1 қыркүйек Білім күніне орай «Мектеп мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Және сынып сағаттары өтті. «Тілім менің ғасырларға аманат» гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен апталық болды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Отбасы- тәрбиенің алтын бесігі» челленджі ұйымдастырылды. «Қамқор» жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы ұйымдастырылды. «Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет жұмысын атқарды. «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді. «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты, сонымен қатар «Дублер» күні ұйымдастырылды. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» қауіпсіздік сабағы өткізілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Республика күніне орай «Мақтанышым- Республикам» тақырыбында салтанатты жиын өтті. «Ұшқыр –ой алаңы» дебат клубының жоспарына сәйкес «Мектеп формасын сақтап жүрміз бе?» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Сонымен «Қамқоршылық» кеңестің басты мақсаты: білім беру сапасын арттыруға бірігіп жұмыс істеу. Қамқоршылық кеңес құрмында 11 ада бар. Кеңес мүшелерінің жоспары құрылып, отырыс өткізіліп тұрады. Мектепте туындаған мәселелердің шешімін табуға көмектеседі.

**Өзекті мәселесі:**Әр адамның өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жеке тұлға мен қоғам арасында өзара жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. Балалардың өмір сүру ортасындағы туындаған мәселелерді уақытында анықтау, олардың себептерін жою жолдарын қарастыру, баланың өмір сүру ортасында туындауы мүмкін әр түрлі жат құбылыстардың алдын алу, ең маңыздысы осы айтылғандарды мүмкіндігінше этикалық деңгейді сақтай отырып, баланың құқығы мен еркіндігіне нұқсан келтірмейтіндей жағдайда жүзеге асыру.

**Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:  
2022-2023 оқу жылына Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік төлқұжаты  
I жж.**



Әлеуметтік педагог қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция», ҚР «Неке және отбасы туралы заңы», басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды, осы ережені басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылының басында жүйелі жоспар құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп, Елбасының бастамасымен қолға алынып, республика көлемінде өтетін жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы «Шекарасыз - жақсылық» ұранымен қайырымдылық акциясы жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілді. Тамыз –қыркүйек айында жаңа оқу жылына дайындық кезінде аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мен балалардың 1-қыркүйекте әлеуметтік себептермен мектепке бармай қалуының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында мектебіміздің түлегі, жеке кәсіпкер, «Тобыл» ЖШС директоры Бакенов Досбол Болатұлы мектептегі 2 аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 4 оқушыға 215000 теңге көлемінде мектеп формасымен, мектеп сөмкесімен, спорттық киім, аяқ-киімдермен қамтамасыз етіп, балаларға қуаныш сыйлады. Сонымен қатар мектебіміздің түлегі, қамқоршылық кеңес мүшесі Сәттібаев Әлібек Қамашұлы 1-сыныптың 10 оқушысына 135000 теңге көлемінде мектеп оқу-құралдарын табыс етті. қайыңды ауылдық округі ұжымы 30000 теңгеге 10 балаға мектеп оқу-құралдарымен қамтамасыз етті. Акция барысында мектеп әкімшілігі қалыс қалмай үйден оқитын 2-сынып оқушысы Айбас Исламбекке дәрумендер себетін тарту етті. Акция соңында 2-10 сыныптың ата-аналар комитетінің ұйымдастыруымен «Жәрмеңке» өткізілді. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа «Адалдық дүкені» ашылды. Акция барысында 27 балаға жалпы 382000 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Демеушілерге мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс білдірілді. Бекітілген жоспар негізінде барлық жұмыстар атқарылды. Жыл басында көп балалы отбасынан шыққан балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қаралып жасақталды және әр сынып жетекшісі сыныбының әлеуметтік құжаттарын толтырып, барлық сыныптардағы аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары анықталды. Соның ішінде:

1 санат мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасынан шыққан балалар- 2

2 санат атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілер-0

3 санат жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған сонымен қатар өзге отбасында тұратын балалар-0

4 санат төтенше жағдайға тап болған отбасы балалары-0

5 санат алқалы орган қамқоршылық кеңестің шешімімен- 7

Тамыз айында Жалпыға бірдей білім беру қорынан **1 балаға 37389** теңге көлемінде қаржылай көмекке үш ата-анадан өтініш түсіп, оның ішінде 1 сыныптағы балаларды қоспағанда Суйиндиқова Гулпаршын Кунтуаровна - атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар – 1 бала, қамқоршылық кеңес отырысының шешімімен 2 отбасы, яғни Султанова Гулжайнар Бақсиықовнаның 3 баласына және Қосымбаева Сабира Игиликовнаның 2 баласына қаржылай көмек көрсетілді. Барлығы- 37389\*6 балаға =224 334 тг.

2022 жылдың қыркүйек айында оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімі жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалардың әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -97. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 49 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 9 бала, толық емес отбасынан шыққан оқушылар саны 4 бала. Отбасындағы келеңсіз жағдайларға байланысты комиссия шешімімен «Қолайсыз» отбасы тізіміне бір отбасы алынып, мектепшілік есепте 1 оқушы. «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету құжаттары жинақталып, 9 оқушы тегін тамақтану тізіміне ұсынылып, осы оқушылар 2022 жылдың қазан айының 11-ші жұлдызынан бастап **1 балаға 507 теңге** көлемінде мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылды. Аудандық білім бөліміне уақытында оқушылардың тамақтанғандығы жөнінде мәліметтері тапсырылып отырды. Сонымен қатар *бала құқығын қорғау жұмысы* бойынша «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша мектептегі әлеуметтік статустағы балалардың сабақтарына үнемі қатысып, оқушылардың сабақ үлгерімдері тоқсан сайын қадағаланып отырды. Қазан айында мектептегі мүмкіндігі шектеулі оқушы 7-сынып оқушысы Бисенғали Асылхан Бақтыгерейұлын ата-анасымен, психологпен бірлесе отырып, облыстық ПМПК –дан кеңес алынып, ПМПК шешімі «Риналолия» диагнозы анықталды және оқушыға гуманитарлық бағыттағы пәндерден қосымша мұғалімдерге ақы төленетіндігі анықталды.

Қараша айында 7-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жасөспірім және зиянды әдеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өз мәресінде өтті. Дөңгелек үстел барысында оқушылар ортаға түрлі сауалдар қойып, өздеріне өміршең жауапты ала білді. Қараша айының 18 күні «Бар жақсылық балаларға» атты қамқорлық акциясы ұйымдастырылып, мектебіміздің түлегі, демеушісі, жеке кәсіпкер Сәттібаев Әлібек Қамашұлы **88 000 теңге** көлемінде оқушыларға қыстық күртешелер мен жылы шалбарлар тарту етті. Мектептегі аз қамтылған отбасы балалары қазан айынан бастап желтоқсан айының соңғы күні 30-шы жұлдызына дейін ИП «Жайлышева» ыстық тамақпен қамтамасыз етті.

Желтоқсан айында 5-8 сынып оқушылары арасында «Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында эссе жазу жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар отбасы мүшелерімен жақсы қарым-қатынаста болып, оларды құрметтеуді, сыйлауды, мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен қарау керек екендігін білді. «Бала құқығы – асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтармен ата-аналарды ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. 9-11 сынып оқушылары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл отырыста оқушылар жалпы құқықбұзушылықтың түрлері, себеп-салдарымен танысты. Өмірмен байланысқан мысалдармен оқушыларға жақсы әсер берілді. Сонымен қатар тоқсан сайын ата-аналар жиналыстарында «Ата-ана және бала құқығы» туралы түсіндірме жұмыстары өткізілді. Желтоқсан айының 21 күні тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен біріккен «Мектеп, оқушы, ата-ана» тақырыбында сынып жетекшілерге арнайы семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында жалпы бала тәрбиесі туралы пікіралмасу жоғары деңгейде болып өтті. Кері байланыста сынып жетекшілер үлкен көмек алғандары жөнінде өз ойларын білдірді. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында жағдайы төмен отбасы балаларына сыйлық беру жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Нәтижесінде аудандық білім бөліміне мектебімізден көпбалалы, үздік 3 оқушы Президент шыршасына ұсынылып, аудандық білім бөлімі комиссия шешімімен 7-сынып оқушысы Зәдігерей Әдина Маралбайқызы дарынды оқушы санатымен өтіп, 22-25 желтоқсанда «Қош келдің жаңа жыл! Жаңа белес! Жаңа арман!» тақырыбындағы Президенттік шыршасына қатысып, **100 000 теңге** қаржылай сыйлықтармен, қуанышты көңіл-күймен оралды. Сонымен қатар аудандық білім бөлімі тарапынан құны 1 балаға – 2100 теңге көлемінде мектептегі 9 аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына жаңа жылдық «Тәттілер сыйлығы» алынып, осы оқушылардың үйіне арнайы барып АЯЗ АТА қоржыны арқылы табысталды. Балалар шаттанып, өз өнерлерін көрсетіп, қуанышында шек болмады. Айлық жұмыс жоспары негізінде сынып жетекшілердің қатысуымен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланыста болып, қыстық киімге зәру оқушыларды демеушілер тарапынан қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылдың қаңтар айында «Мейірімділікпен балаға» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, нәтижесінде мектебіміздің түлегі, жеке кәсіпкер, қамқоршылық кеңес мүшесі Бакенов Досбол Болатұлы 9 оқушыға қыстық курткалар мен аяқ киімдер, спорттық киімдер табыс етіп, балаларға үлкен қуаныш сыйлады. Сонымен қатар мектеп бойынша мектепшілік есепте тұрған оқушылардың үйлеріне бару, сабақ үлгерімі, денсаулық жағдайы зерделенді. Мектептегі аз қамтылған отбасы балаларының және мүмкіндігі шектеулі оқушының сабақ үлгерімі бақыланды. Бақылау барысында оқушылардың сабақ үлгерімі туралы анықтамасы толтырылып, уақытында тапсырылып отырды. «Үйренейік, ізденейік жас маман!» атты жас мамандармен апталық жұмысы өз мәнінде жоғары деңгейде жүргізілді. Апталық барысында «Жарқыра, жаса, жас маман» танымдық кеш, «Студенттік өмір – көтеріңкі көңіл» студенттермен кездесу кеші, «Сабақ сапасы – ұстаз біліктілігінде» семинар,

«Көңілді старт» спорттық интеллектуалды сайыстар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Ақпан айында 7-11 сынып оқушылары арасында оқушылардың дін туралы ұғымдарын анықтап, діни сауаттылықты қалыптастыру мақсатында «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыпта сауалнама алынды. Қорытындысы шығарылып анықтама жазылды. Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, психолог мамандардың қатысуымен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың мектепшілік түрлі іс – шараларға қатысуы қадағаланып отырды. Психолог, әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 1-наурыз «Алғыс айту парызым!» мектепшілік есептегі оқушымен ашық хаттар жасалды. Оқушылардың жекелеген санаттарына байланысты сабақтарына қатысу болды. Сынып жетекшілерінің қатысуымен 5-11 сынып оқушылары арасында «Ұлттық тағамның адам ағзасына пайдасы» тақырыбында сынып сабақтары өткізілді. 5-7 сынып арасында оқушының өзін-өзі сезінуіне және басқаны түсінуіне жағдай жасау мақсатында «Мен тұлғамын» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында оқушылардан «Мен қандаймын» тақырыпта сауалнама алынды. Сәуір айында медбикемен бірлесіп «Дұрыс тамақтанудың пайдасы» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, дұрыс тамақтанудың жолдарын түсіндіріп өтті. Мектепшілік есептегі оқушымен жұмыс барысында 3-сынып жетекшісі А.Камеловамен бірлесіп «Отбасы FEST» отбасылық сайыс өткізілді. Сайыс кезінде оқушымен ата-анасы арасында керемет байланыс анықталды. Жалпы оқушының сыныптастарымен, мұғаліммен, ата-анасымен қарым-қатынасы жақсы көрінді. Мамыр айы бойынша әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың бос уақытын дұрыс өткізілуін ұйымдастыру мақсатында түрлі мектепшілік іс-шараларға қатысуын қадағалау жасалынды (тынығу, демалыс, тәрбиелік іс-шаралар), нәтижесінде қала сыртындағы «Шұғыла» лагеріне мектептегі үздік, дарынды оқушылар ұсынылды. Олар : үздіктерден 5-сынып оқушысы Қуаныш Гүлназ (көпбалалы отбасынан), 6-сынып оқушысы Олжабай Гүлімай (көпбалалы), 7-сынып оқушысы Зәдігерей Әдина(көпбалалы), 8-сынып оқушысы Құсайын Айым. Дарындылардан: 5-сынып оқушысы Аманжол Қасым (көпбалалы), 6-сынып оқушысы Өмір Мерей (көпбалалы), 7-сынып оқушысы Аманжол Сұлтан (көпбалалы), 8-сынып оқушысы Балағұл Саян (көпбалалы). Сонымен қатар санат бойынша төмендегі балалар ұсынылды: НОБД бойынша үздік оқушы 5-сынып оқушысы Аманжол Қасым, жеке санаттағы балалар категориясы бойынша 6-сынып оқушысы Адеханова Актілек, жас блогерлер, вайнер, мобиллограф, лингвист, дебатшы санаты бойынша 8-сынып оқушысы Құсайын Айым, қоғамдық жұмыста жоғары нәтижеге жеткен отбасы баласы бойынша 8-сынып оқушысы Мейрамханұлы Әмрхан, оқудағы үздіктер санаты бойынша 6-сынып оқушысы Олжабай Гүлімай, шығармашылық байқаулар жеңімпазы санаты бойынша 9-сынып оқушысы Кәдір Шолпан, қамқоршылық кеңес шешімі бойынша 7-сынып оқушысы Алпысбаев Бауыржан, Мақсатов Самғат ұсынылды. Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында сауалнама алынып, диагностика жасалды. Нәтижесінде оқушылардың отбасындағы жанұя мүшелерімен қарым-қатынасы жақсы екендігі анықталды. Барлық өткізілген жұмыстар мектептің «инстаграм»әлеуметтік желісіне уақытында жарияланып отырды.

### **Білім алушылардың шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани-адамгершілік, азаматтық- патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытында тәрбие беру. Және тұлғалық қабілеттерін дамыту, мақсатында мектепте азаматтық- патриоттық , ұлттық- спорттық, үйірмелер жұмыс жасауда. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Сонымен қатар «Сиқырлы саусақтар» үйірмесінің жетекшісі Н.С.Атшибаева , «Қолөнер» үйірмесінің жетекшісі М.З.Наурзалин өздерінің қолөнер бұйымдарын аудан, облыс көлемінде байқауларға апарып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 202 жылғы 11 мамырдағы 191 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 1193 қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, қазыналық кәсіпорындарға қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы 2018 жылғы 7 ақпандағы 42 қаулысы «Жарлыққа өзгерістер енгізу» негізінде 2022-2023 оқу жылынан бастап, дене шынықтыру мұғалімдеріне мектептен тыс спорттық іс-шаралар өткізу үшін БДО 100 көлемінде тарифтелінді.

1. «Үстел теннисі» Салигереев А.К

2. «Тоғызқұмалақ» Дандибаев К.Б

## **Деңгейлер бойынша,оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:**

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде білім алушылар контингентін қалыптастыру үдерісінің сапалы жүргілуіне үлкен мән берілген.

«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –не қабылданатын оқушылардың ата-аналарын,оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен,Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырып отырған. Медициналық картасы талап етіліп,алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген. Деңгейлер бойынша,оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар туралы мәліметтерге тоқтала кетсек,мектепте ерекше қабілеттілігі бар 2022-2023 оқу жылында 1 оқушы ,2023-2024 оқу жылында 1 оқушы,2024-2025 оқу жылында 1 оқушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алады.

Білім алушыға уақытылы жағдай жасалған.

Денсаулығына байланысты емтиханнан босатылған оқушы болған жоқ.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ-№76 бұйрығының 5-тарау 70-тармағына сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының(сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны,сынып жинақтау тәртібінің сақталуы,сынып толымдылығы нормаларының сақталуы «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2022-2023 оқу жылында 1-9,11 сыныптар бойынша 10 сынып жиынтығында 95 оқушы білім алса,2023-2024 оқу жылында 1-9 сыныптар аралығында 9 сынып жиынтығында 96 оқушы білім алды. 2024-2025 оқу жылында 1-10 сыныптар аралығында 92 білім алушылар контингентін құрады. Алдағы оқу жылында 1-11 сыныптардың комплектісі толығыады.

Әр оқу жылында бастауыш буындағы білім алушылар саны өсіп келеді. 9-сынып бітірген білім алушылардың білім грантына ие болуы себепті техникалық,кәсіптік ұйымдарға түсуінен сынып комплектісі қысқарғанымен келер оқу жылында қайта толыққан.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш,негізі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

### **3. Оқу-әдістемелік жұмыс**

#### **4.**

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып,білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

- **Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының,сабақ кестелерінің,бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оған сәйкестігі:**

Зерделеу барысында:

1) “Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі” - бастауыш,негізгі және жалпы орта білім беретін оқу орны. Білім беру мекемесінде 1-10 сыныптар аралығында 10 сынып комплектісі,95 білім алушы болды. Мектеп жаратылыстану-математикалық бағытпен оқыды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы,ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 1-4 сыныптары үшін 11-қосымшамен,негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 5-9 сыныптар үшін 16-қосымшамен,11-сынып үшін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары(төмендетілген оқу жүктемесімен) 22-қосымшамен педагогикалық кеңесте талқыланып,ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып,оқу жұмыс жоспары жасақталды,оқу жүктемесі бөлінді.

2022-2023 оқу жылында “Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу жұмыс жоспарын Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хаты негізінде, “Білім туралы” , “Педагог мәртебесі туралы”, “Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы” Қазақстан

Республикасының Заңдары басшылыққа алынып және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, “Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар” санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ-76 бұйрығы, “Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы” ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен толықтырулар 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық) Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестесі қаралды.

2022-2023 жұмыс оқу жоспарлары интернет ресурста орнатылды. Сабақ кестесі талапқа сай жасалған.

**«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыстық жоспарына сәйкес мектепке дейінгі даярлық сыныптары және 1-9-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:**

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен толықтырулармен)(1-қосымша)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 және 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);(13-қосымша)

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399; 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467; 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Санитарлық ережелер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021 ж №23890 болып тіркелген).

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

- 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

- «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары

есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

**Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:**

- 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», ал 3-4-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

**Вариативтік компонент есебінен**

**Таңдау бойынша сабақтар:**

**1-сыныпта «Ғажайып математика»** (1 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыра отырып, түрлі тапсырмаларды орындау барысында ақыл-ойы мен есте сақтау, зейін, сөйлеу, ой ұшқырлығы қабілеттерін дамыту.

**2-сыныпта «Қызықты математика»** (1 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және оқу икемі мен дағдыны қалыптастыру.

**2-сыныпта «Көркем жазу»** (1 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазуға үйретеді.

**3-сыныпта «Жас математик»** (1 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- математикалық білім арқылы іскерлік пен машықтың барлық жүйесін қамтамасыз ету.

**4-сыныпта «Математика және логика»** (1 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- логикалық ойлау және танымдық қызметі мен дамыту, дамыту, шығармашылық қабілетін қабілетін қалыптастыру.

**Дене шынықтыру және спорттық ойындар:**

**1,2-сыныптарда «Қозғалмалы ойындар»** (бір-бір сағаттан 2 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- қозғалмалы ойындар арқылы баланың бос уақытын тиімді өткізу, басқа балалармен достық қарым-қатынас орнатуға баулу. Ойынға машықтандыру арқылы шеберлік дағдысын қалыптастыру.

**3,4-сыныптарда «Ұлттық ойындар»** (бір-бір сағаттан 2 сағат) тақырыбындағы курс мақсаты- балалардың денсаулығын нығайтып, ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білуге тәрбиелеу.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

- 5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

Негізгі орта (5-8-сыныптар), білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізілді.

5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді.

**Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативтік компоненттегі инвариантты компоненттен таңдалатын пәндер есебінен:**

8 - сыныпқа (бір-бір сағаттан) "Қазақ тілі", "Орыс тілі", «Алгебра» жалпы сағат саны-3;

9 - сыныпқа (бір-бір сағаттан) "Алгебра", "География" және «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні таңдалды, жалпы сағат саны-3;

10 - сыныпқа (бір-бір сағаттан) "Алгебра", "География" және «Қазақ тілі және әдебиеті» таңдалды, жалпы сағат саны-3;

**Дене шынықтыру және спорттық ойындар:**

5,7,9-сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компоненттен 3 сағат «**Жас волейболшылар**» курсына берілді. Мақсаты: ойыншылардың тұрысын, алаңда ауысу тәсілін, допты төменнен және жоғарыдан екі қолмен қабылдауды үйрету.

6,8-сыныптарда дене шынықтыру вариативтік компоненттен 2 сағат «**Баскетболшы жастар**» курсына берілді. Мақсаты: Балаларға баскетбол элементтерін үйрете отырып, ептілікке, жылдамдыққа үйрету.

«**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**» КММ-нің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары бойынша «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» – мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін оқу орны. Білім беру мекемесінде 1-10 класс аралығында 10 класс

комплектісі, 92 білім алушы бар, жаратылыстану-математика бағытында оқиды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымша, ҚР Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығымен **бастауыш** білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 1-4 қазақ сыныптары үшін 6-қосымшамен, **негізгі орта** білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары 5,6,7,8,9 сыныптары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 16- қосымшамен ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26-қазандағы №323 бұйрығына 16-қосымша, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары 10-сыныптары үшін 2023жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықтың 22-қосымшасымен, педагогикалық кеңесте талқыланып, ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары жасалды, оқу жүктемесі бөлінді.

**Мектепалды даярлық және 1-10 сыныптарда білім беру процесі төмендегі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:**

2024-2025 оқу жылында «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу жұмыс жоспарын «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары басшылыққа алынып және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі–МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚРМП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы.

1- 4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздерін"кіріктірілген оқу бағдарламасын міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс,бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс. Осыған байланысты "ӨҚН" курсы оқыту 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің аясында жүргізіледі.Жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда **6 сағат**, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

**Вариативтік компоненттен таңдауы бойынша сабақтар:**

**1,2 сыныптарда «Көркем жазу» курсы** (бір-бір сағаттан 2 сағат) **мақсаты:**оқушылардың ұсақ моторикасын арттыру үшін, арнайы жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру, саусақтарының әріп жазу икемділігін қалыптастыру арқылы көркем жазуға дағдыландырады.

**2- сыныптағы «Қызықты математика» курсы аптасына - 1 сағат, мақсаты:** есте сақтаудың түрлерін,қиял мен зейінді қалыптастыру және оқу икемі мен дағдыны дамытады.

**3- сыныптағы «Таңғажайып табиғат» курсы аптасына 1сағат,мақсаты:** жер бетінде жерді қоршаған ауада,суда,тіршілік дүниесінде өтіп жататын құбылыстармен таныстырады.

4- сыныптағы «Математика және логика» курсы аптасына-1 сағат мақсаты: логикалық ойлау және танымдық қызметі мен дамыту,шығармашылық қабілетін қалыптастыру,математикалық білім арқылы іскерлік пен машықтың барлық жүйесін қамтамасыз етеді.

**Дене шынықтыру: спорттық ойындар**

1,2-сыныптардағы«Қозғалмалы ойындар» курсы(бір-бір сағаттан 2 сағат) мақсаты:балалардың денсаулығын нығайтып,ойын арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырады.

3-4 сыныптардағы «Кіші футбол» курсы (бір-бір сағаттан 2 сағат) мақсаты: оқушылардың «Кіші футбол» ойынының әдіс-тәсілдерін үйрету,ұжымдасып жылдам әрекет етуге дағдыландырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

5-9-сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсын оқуға бөлінеді. «Жаһандық құзыреттер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан барлығы 2 сағат, 9-сыныпқа 1 сағат, барлығы 3 сағат берілді. **Мақсаты:** білім алушылардың іскерлік ойлауын дамытып, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларын қалыптастырады.

**Вариативтік компоненттен таңдау пәндері:**

7-9 сынып білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативтік компонентте инвариантты компоненттен оқу пәндерінің келесі комбинациясы таңдалды:

7- сыныпта «Алгебра» пәні 1 сағат, «География» пәні 1 сағат, «Қазақ тілі » пәні 1 сағат. Жалпы сағат саны-3

8- сыныпта «Алгебра» пәні 1 сағат, «География» пәні 1 сағат және «Қазақ тілі » пәні 1 сағат. Жалпы сағат саны – 3.

9- сыныпта «Алгебра» пәні 1 сағат және «География» пәні 1 сағат, «Қазақ тілі» пәні 1 сағат. Жалпы сағат саны – 3.

**Дене шынықтыру және спорттық ойындар:**

5,6,9 сыныптарда дене шынықтыру вариативті компонентінен (аптасына 1 сағаттан барлығы 3 сағат) «Волейбол» курсына берілді. **Мақсаты:** бұқаралық спорт волейболды оқушылар арасында кеңінен насихаттау,волейбол әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып,шеберліктерін шыңдайды.

7,8,-сыныптарда дене шынықтыру вариативті компонентінен (аптасына 1 сағаттан барлығы 3 сағат) «Баскетбол» курсына берілді. **Мақсаты:** оқушыларға баскетбол элементтерін үйрете отырып,ептілікке,жылдамдыққа дағдыландырады.

Мектеп 10- сынып оқушыларының өз бейімділіктері мен сұраныстары және ата-ана тілегін қанағаттандыру мақсатында жаратылыстану-математика бағытын таңдады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы - ұйымдастырушының оқытуымен іске асырылады.

**Таңдау пәндері:**

Жалпы білім берудің қазақ тілінде оқытылатын 10-сыныпта вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдау пәндеріне (бір-бір сағаттан) «Информатика», «Алгебра», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндеріне барлығы 3 сағат берілді.

**Вариативтік компоненттен элективті курстар:**

10- сыныпқа таңдау бойынша пәндер « Химия», «Биология» пәндеріне аптасына 3 сағаттан барлығы 6 сағат берілді.

10- сыныпқа стандартты деңгей бойынша 10-сыныпқа «Графика және жобалау» және «Кәсіпкерлік және бизнес» аптасына 1 сағаттан барлығы 2 сағат берілді.

Вариативтік компоненттен «Жаһандық құзыреттер» курсы оқу бағдарламасының оқу жүктемесінен аптасына 1 сағаттан берілді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының мақсаты: білім алушылар да жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениет аралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастармен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын

қалыптастырады.

10-сыныпқа «**Креативті ойлау**» берілді. Мақсаты: шығармашылық даралығы мен ерекше креативті ойлауы бар тұлғаны дамытады. Аптасына **1 сағат**.

**Дене шынықтыру: спорттық ойындар:**

10- сыныпқа «**Баскетбол**» курсына аптасына **1 сағат** берілді. Мақсаты: оқушыларға баскетбол элементтерін үйрете отырып, ептілікке, жылдамдыққа дағдыландырады.

**5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру(оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

**2022-2023** оқу жылында 11-сынып оқушылары вариативтік компоненттен таңдау пәндеріне берілген 4 сағат(бір-бір сағаттан) “Информатика”, “Алгебра”, “Қазақ тілі”, “Қазақстан тарихы” пәндеріне берілді.

**6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру**

**Үйден жеке және тегін оқыту:**

**2022-2023 оқу жылы** Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2015 жылы 14 мамырда туылған 2 сынып оқушысы Айбас Исламбек Елдосұлы Темір орталық аудандық ауруханасының дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №911 05.09.2022 жылы берілген «Слабоконсолидированный перелом большеберцовый кости левой голени» диагнозы қойылуына байланысты 2022 жылдың 1 қыркүйегі мен 1 қарашасы аралығында 2 ай мерзімде жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес үлгілік оқу жоспары дайындалып, жоспар бойынша сабақ кестесі құрылып, 01.09-01.11.2022 аралығында оқытылды.

**2023-2024 оқу жылы** Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде

**2022-2023** оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан, 11-сыныпта – 34 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды

Вариативтік компонент сағаттары барлық сыныптарда 2022-2023 оқу жылында оқытылды.

**2022-2023 оқу жылында** вариативтік компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

| Сыныбы | Вариативтік компонент                                     | Тақырыбы              |
|--------|-----------------------------------------------------------|-----------------------|
| 1      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Ұлттық ойындар        |
| 1      | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Ғажайып математика    |
| 2      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Ұлттық ойындар        |
| 2      | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Чистописание          |
| 3      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Шахмат                |
| 3      | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Ойзерек               |
| 4      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Шахмат                |
| 4      | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Ойзерек               |
| 5      | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаһандық құзыреттілік |
| 5      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Тоғызқұмалақ          |
| 6      | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаһандық құзыреттілік |
| 6      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Тоғызқұмалақ          |
| 7      | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаһандық құзыреттілік |
| 7      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Тоғызқұмалақ          |
| 7      | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Алгебра і             |
| 7      | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Физика                |
| 7      | Таңдауы бойынша пәндер                                    | География             |
| 8      | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаһандық құзыреттілік |
| 8      | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Жас волейболшылар     |

|    |                                                           |                                   |
|----|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------|
| 8  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Қазақ тілі                        |
| 8  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Биология                          |
| 8  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | География                         |
| 9  | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Зайырлылық және дінтану негіздері |
| 9  | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Волейбол                          |
| 9  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Қазақ тілі                        |
| 9  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | Биология                          |
| 9  | Таңдауы бойынша пәндер                                    | География                         |
| 11 | Жаһандық құзыреттілік                                     | Жаһандық құзіреттерлік            |
| 11 | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Тарих                             |
| 11 | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Қазақ тілі                        |
| 11 | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Алгебра                           |
| 11 | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Информатика                       |
| 11 | Таңдауы бойынша сабақтар                                  | Шахмат                            |
|    | Дене шынықтыру: спорттық ойындар                          | Жас волейболшылар                 |

11- сыныпта төмендетілген оқу жоспары бойынша білім алатын, 4 сағат инвариантты компоненттегі таңдау пәндеріне 1 сағаттан қазақ тілі, алгебра, тарих және информатика пәндеріне берілді.

#### 8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру

**2022-2023 оқу жылы бойынша** «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды;

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»** оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және

технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу

Жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді. Сонымен қатар АӘД пәнінің мұғалімі тоқсан сайын оқу жаттығуларын жүргізді. Мектеп бойынша терроризмге қарсы күрес іс-шаралар жоспары бекітілген. Ата-аналармен кездесулер, мектеп ұжымымен дәрістер жүргізілді. Тоқсан сайын каникул кездерінде мектеп оқушыларына өмір қауіпсіздігі жөнінде нұсқау берілді.

#### 12. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру төмендегідей жүргізілді:** 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта 1-4-сыныптарда «Жол қозғалыстарының ережесі» оқу курсының мазмұны сынып сағаттарының есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан өткізіледі; 5-8-сыныптарда бұл оқу курсы сабақтан тыс уақытта сынып сағаттары мен факультативтер есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі.

Бағдарлама тәрбие сағатының уақыты аясында өткізілген.

#### 2023-2024 оқу жылында Абай атындағы орта мектеп бойынша электив курстарының кестесі

| № | Элективті курстар атауы | Сынып | Өткізілетін күні мен уақыты |                                      |                                      |          |                                      | Өтілетін орны | Жетекшісі      |
|---|-------------------------|-------|-----------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|----------|--------------------------------------|---------------|----------------|
|   |                         |       | Дүйсенбі                    | Сейсенбі                             | Сәрсенбі                             | Бейсенбі | Жұма                                 |               |                |
| 1 | Ғажайып математика      | 1     |                             |                                      | 10. <sup>30</sup> -11. <sup>05</sup> |          |                                      | Бастауыш      | А.Б.Карабасова |
| 2 | Көркем жазу             | 2     |                             |                                      |                                      |          | 16. <sup>35</sup> -17. <sup>20</sup> | Бастауыш      | А.Б.Карабасова |
| 3 | Қызықты математика      | 2     |                             | 16. <sup>40</sup> -17. <sup>25</sup> |                                      |          |                                      | Бастауыш      | Л.Ә.Ашықбаева  |

|    |                         |   |                                    |                                    |                                    |                                    |                                    |                |                     |
|----|-------------------------|---|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|----------------|---------------------|
| 4  | Қозғалмалы ойындар      | 2 |                                    |                                    |                                    |                                    | 17 <sup>40</sup> -18 <sup>25</sup> | Спорт зал      | А.К.Салимгереев     |
| 5  | Жас математик           | 3 |                                    |                                    |                                    |                                    | 17 <sup>40</sup> -18 <sup>25</sup> | Бастауыш       | Б.Т.Жакупова        |
| 6  | Ұлттық ойындар          | 3 |                                    |                                    | 09 <sup>50</sup> -10 <sup>35</sup> |                                    |                                    | Спорт зал      | А.К.Салимгереев     |
| 7  | Математика және логика  | 4 | 11 <sup>40</sup> -12 <sup>25</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Бастауыш       | Б.Т.Жакупова        |
| 8  | Алгебра                 | 7 |                                    |                                    | 15 <sup>50</sup> -16 <sup>35</sup> |                                    |                                    | Физика         | Г.А.Барлыбаева      |
| 9  | Қазақ тілі              | 7 |                                    |                                    |                                    |                                    | 14 <sup>50</sup> -15 <sup>35</sup> | Қазақ тілі     | Ш.Б.Дунсалина       |
| 10 | Орыс тілі               | 7 | 15 <sup>50</sup> -16 <sup>35</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Шет тілі       | А.А.Муханбеткалиева |
| 11 | Алгебра                 | 8 |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>50</sup> -16 <sup>35</sup> |                                    | Физика         | Г.А.Барлыбаева      |
| 12 | Георафия                | 8 | 16 <sup>40</sup> -17 <sup>25</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 13 | Қазақ тілі              | 8 |                                    | 14 <sup>50</sup> -15 <sup>35</sup> |                                    |                                    |                                    | Қазақ тілі     | Г.Б.Казмуканова     |
| 14 | География               | 9 |                                    |                                    |                                    | 14 <sup>50</sup> -15 <sup>35</sup> |                                    | Жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 17 | Алгебра                 | 9 |                                    | 14 <sup>50</sup> -15 <sup>35</sup> |                                    |                                    |                                    | Жаратылыстану  | Г.А.Барлыбаева      |
| 18 | Қазақ тілі              | 9 |                                    |                                    | 14 <sup>50</sup> -15 <sup>35</sup> |                                    |                                    | Қазақ тілі     | Е.Б.Ашықбаев        |
| 19 | Жаһандық құзыреттілік   | 5 |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    | жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 20 | Жаһандық құзыреттілік   | 6 | 11 <sup>40</sup> -12 <sup>25</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 21 | Жаһандық құзыреттілік   | 7 |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    |                                    | Жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 22 | Жаһандық құзыреттілік   | 8 |                                    |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> | Жаратылыстану  | Г.Т.Бегимбетова     |
| 23 | Зайырлылық және дінтану | 9 |                                    |                                    |                                    | 13 <sup>20</sup> -14 <sup>05</sup> |                                    | АӘД            | С.К.Каракойшин      |
| 24 | Ұлттық ойындар          | 4 |                                    |                                    |                                    | 16 <sup>40</sup> -17 <sup>25</sup> |                                    | Дене шынықтыру | А.К.Салимгереев     |
| 25 | Жас волейболшылар       | 5 |                                    |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> | Дене шынықтыру | А.К.Салимгереев     |
| 26 | Баскетболшы жастар      | 6 |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    | Дене шынықтыру | К.Б.Дандибаев       |
| 27 | Жас волейболшылар       | 7 |                                    |                                    | 13 <sup>20</sup> -14 <sup>05</sup> |                                    |                                    | Дене шынықтыру | К.Б.Дандибаев       |
| 28 | Баскетболшы жастар      | 8 |                                    | 13 <sup>20</sup> -14 <sup>05</sup> |                                    |                                    |                                    | Дене шынықтыру | К.Б.Дандибаев       |
| 29 | Жас волейболшылар       | 9 |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>00</sup> -15 <sup>45</sup> |                                    | Дене шынықтыру | К.Б.Дандибаев       |

**2024-2025 оқу жылында Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша  
таңдау және электив курстарының кестесі**

| № | Элективті курстар атауы | Сынып | Өткізілетін күні мен уақыты        |                                      |                                      |                                    |                                      | Өтілетін орны | Жетекшісі       |
|---|-------------------------|-------|------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------------|--------------------------------------|---------------|-----------------|
|   |                         |       | Дүйсенбі                           | Сейсенбі                             | Сәрсенбі                             | Бейсенбі                           | Жұма                                 |               |                 |
| 1 | Қозғалмалы ойындар      | 1     |                                    |                                      |                                      | 11 <sup>00</sup> -11 <sup>35</sup> |                                      | Спорт зал     | А.К.Салимгереев |
| 2 | Көркем жазу             | 1     |                                    |                                      |                                      |                                    | 10. <sup>40</sup> -11. <sup>25</sup> | Бастауыш      | Г.С.Серік       |
| 3 | Көркем жазу             | 2     |                                    |                                      | 17. <sup>40</sup> -18. <sup>25</sup> |                                    |                                      | Бастауыш      | А.Б.Карабасова  |
| 4 | Қызықты математика      | 2     |                                    | 17. <sup>40</sup> -18. <sup>25</sup> |                                      |                                    |                                      | Бастауыш      | Г.С.Серік       |
| 5 | Қозғалмалы ойындар      | 2     |                                    |                                      |                                      |                                    | 17 <sup>40</sup> -18 <sup>25</sup>   | Спорт зал     | А.К.Салимгереев |
| 6 | Развитие речи           | 3     |                                    |                                      |                                      | 17 <sup>40</sup> -18 <sup>25</sup> |                                      | Әмбебап       | Б.Т.Жакупова    |
| 7 | Кіші футбол             | 3     |                                    |                                      | 16 <sup>50</sup> -17 <sup>35</sup>   |                                    |                                      | Спорт зал     | А.К.Салимгереев |
| 8 | Математика және логика  | 4     |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup>   |                                      |                                    |                                      | Бастауыш      | Б.Т.Жакупова    |
| 9 | Кіші футбол             | 4     | 11 <sup>40</sup> -12 <sup>25</sup> |                                      |                                      |                                    |                                      | Спорт зал     | А.К.Салимгереев |

|    |                                            |    |                                    |                                    |                                    |                                    |                                    |                |                   |
|----|--------------------------------------------|----|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|----------------|-------------------|
| 10 | Жаһандық құзыреттілік                      | 5  |                                    |                                    |                                    |                                    | 11 <sup>40</sup> -12 <sup>25</sup> | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 11 | Волейбол                                   | 5  |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    |                                    | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |
| 12 | Жаһандық құзыреттілік                      | 6  | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 13 | Волейбол                                   | 6  |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |
| 14 | Алгебра                                    | 7  |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    |                                    | Физика         | М.Е.Шорабаева     |
| 15 | Қазақ тілі                                 | 7  |                                    |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> | Қазақ тілі     | Г.Б.Казмуқанова   |
| 16 | География                                  | 7  | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 17 | Жаһандық құзыреттілік                      | 7  |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 18 | Баскетбол                                  | 7  |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    |                                    |                                    | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |
| 19 | Қазақ тілі                                 | 8  | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Қазақ тілі     | Ш.Б.Дунсалина     |
| 20 | Биология                                   | 8  |                                    |                                    | 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup> |                                    |                                    | жаратылыстан у | Н.Ж.Сабыр         |
| 21 | География                                  | 8  |                                    |                                    |                                    | 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup> |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 22 | Жаһандық құзыреттілік                      | 8  |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> |                                    |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 23 | Баскетбол                                  | 8  |                                    | 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup> |                                    |                                    |                                    | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |
| 24 | Зайырлылық және дінтану негіздері          | 9  | 13 <sup>20</sup> -14 <sup>05</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | АӘД            | С.К.Карақойшин    |
| 25 | Қазақ тілі                                 | 9  | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Қазақ тілі     | Г.Б.Казмуқанова   |
| 26 | Алгебра                                    | 9  |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    | Физика         | М.Е.Шорабаева     |
| 27 | География                                  | 9  |                                    |                                    | 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup> |                                    |                                    | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 28 | Волейбол                                   | 9  |                                    |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |
| 29 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 10 | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | АӘД            | Ш.У.Нурмағамбетов |
| 30 | Алгебра                                    | 10 |                                    |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    |                                    | Физика         | Г.А.Барлыбаева    |
| 31 | Информатика                                | 10 |                                    |                                    |                                    | 15 <sup>10</sup> -15 <sup>55</sup> |                                    | Информатика    | Г.Б.Утегенова     |
| 32 | Жаһандық құзыреттілік                      | 10 |                                    |                                    |                                    |                                    | 12 <sup>30</sup> -13 <sup>15</sup> | Жаратылыстан у | Г.Т.Бегимбетова   |
| 33 | Креативті ойлау                            | 10 |                                    | 16 <sup>50</sup> -17 <sup>35</sup> |                                    |                                    |                                    | Қазақ тілі     | М.М.Адилова       |
| 34 | Баскетбол                                  | 10 | 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup> |                                    |                                    |                                    |                                    | Спорт зал      | К.Б.Дандибаев     |

### 13. БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР

**1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;**  
**2022-2023-** оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан, 11-сыныпта – 34 сағаттан асқан жоқ.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

**2022-2023 оқу жылында** каникул кезеңдері 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы басшылыққа алынды.

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда-35 оқу аптасы, 2-11(12) сыныптарда-36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы каникул-9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул -7күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

**2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;**

**3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.** Топтарға бөлінген сыныпта инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар оқыған жоқ.

**3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөнінде бейнеконтент қоса беріледі.**

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

**Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы**

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және педагог-зерттеуші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-модератордың үлесі –**100%**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 б болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;**

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті бағалау нысанында жүзеге асырылды. Мектепте 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Bilimclass.kz» электронды журналдары арқылы зерделенді. 2022-2023 оқу жылында сынып журналдарын бағалау «kundelik.kz» ақпараттық жүйесімен зерделенді.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау 1 балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтердің коментарийлері ішінара жазылған.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, «Bilimclass» журналында толтырылуы сәйкестендіріле отырып, тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды сағат саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағат санына сәйкес жасалған. Оқу бағдарламалары инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен берілген сағат саны мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары электронды журналға толтырылған.

**Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру**

**3) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (Ринолалия) талаптарын орындау:**

2023-2024 оқу жылында Бисенғали Асылхан Бақтыгерейұлы – ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы білім алды.

Оқушыны педагогикалық-психологиялық қолдау мақсатында мектепте ППК жұмыс жасайды. Жыл басында ППК құрамы бекітіліп, кеңес жоспары және жылдық жұмыс жоспары жасалып отырды. ППК құрамында оқу ісі орынбасары, тәрбие ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп медбикесі және осы бала оқитын сыныптың жетекшісі кіреді. Оқушының сабақ үлгерімі – орташа. Пән мұғалімдері ПМПК қорытындысы бойынша берілген оқу бағдарламаларына сәйкес жасаған жұмыс жоспарлары негізінде сабақ беріп келеді. Оқушы жалпы бағдарламамен оқиды. Тек сабақ жоспарларында ғана ЕБҚБ оқушыға арналған тапсырмалар тілдік бағытта жеңілдетіп беріледі. Оқушы үнемі мектепшілік бақылауда, ата-анасы баланың мектептегі өмірімен тығыз байланыста.

Оқушылармен түзету-дамыту жұмысы барысында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерімен кешенді жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, топтық, жұптық жұмыстар арқылы оқушының сөйлеу қабілеті үнемі бақыланып, соған сәйкес жұмыстар түрлі бағытта жоспарланып отырады. Оқушының жасын, даму деңгейін ескере отырып, топқа бөлу және жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:**

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;  
Зерделеу барысында :

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс(факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта 19,5 сағаттан, 2-сыныпта 24,3-4 сыныптарда 26 сағаттан, 5-6 сыныптарда 28,5 сағаттан, 7-8 сыныптарда 32,5 сағаттан, 9-сыныпта 34,11 сыныпта 34 сағаттан аспаған.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс(факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта 19,5 сағаттан, 2-сыныпта 24,3-4 сыныптарда 26 сағаттан, 5-6 сыныптарда 28,5 сағаттан, 7-8 сыныптарда 32,5 сағаттан, 9-сыныпта 34 сағаттан аспаған.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс(факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта 19,5 сағаттан, 2-сыныпта 24,3-4 сыныптарда 26 сағаттан, 5-6 сыныптарда 28,5 сағаттан, 7-8 сыныптарда 32,5 сағаттан, 9-сыныпта 34,10 сыныпта 33 сағаттан аспаған.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылған талаптар толығымен орындалды.

**Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымдары үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;**

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды.

**15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:**

**1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;**

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 28 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында 3 рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. Бірінші сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты берілді.

**сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына әр оқу жылының басталуы, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы мектепшілік бұйрықтар шығарылды. Барлық бұйрықтар мектептің ресми сайтына ілінген. abay.edu.kz

) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі.

### МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

|                    |                                                |
|--------------------|------------------------------------------------|
| 1-10 сыныптар –    | бес күндік оқу                                 |
| I ауысым –         | 08.00 – 14.05                                  |
| II ауысым –        | 13.20 – 17.35                                  |
| Сабақ ұзақтығы –   | 45 минут                                       |
| Үлкен қоңыраулар – | 15 минут (екінші және төртінші сабақтан кейін) |
| Қоңыраулар –       | 5 минут                                        |
| Сыныптар –         | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10                           |

### ПЕДАГОГ КАДРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ПЕДАГОГТЕРДІҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ 2024-2025 оқу жылы

| № | Параметрлері             | 2024-2025 оқу жылы |
|---|--------------------------|--------------------|
| 1 | Педагогтердің жалпы саны | 26                 |
| 2 | Біліктілік санаты        |                    |
|   | Педагог-шебер            | -                  |
|   | Педагог-зерттеуші        | 4                  |
|   | Педагог-сарапшы          | 10                 |
|   | Педагог-модератор        | 11                 |
|   | Педагог                  | 1                  |
| 3 | Білімі                   |                    |
|   | Жоғары                   | 24                 |
|   | Арнаулы орта             | 2                  |

Мектепте төрт әдістемелік бірлестік жұмыс істейді.

1. Бастауыш сынып әдіс бірлестігі-жетекшісі Ахметова Н.А.педагог-сарапшы
2. Тіл-тарих әдіс бірлестігі-жетекшісі Казмуханова Г.Б.педагог-зерттеуші
3. Жаратылыстану бірлестігі- жетекшісі Барлыбаева Г.А педагог-сарапшы
4. Көркем-эстетика пәндерінің бірлестігі-жетекшісі Дандибаев.К.Б педагог-зерттеуші

Мектептің білім беру қызметі қойылған мақсаттарға сәйкес құрылады.

Негізгі мақсаттары: педагогтердің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары қағидаттарын енгізу негізінде оқу – тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының функционалдық және академиялық сауаттылығын дамытуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін жағдайлар жасау.

### Мектеп директоры мен орынбасарлары туралы мәлімет

| № | Аты-жөні,тегі                   | қызметі                                           | Еңбек өтілі<br>Жалпы/қызметі<br>бойынша | Қызметі бойынша<br>алған санаты                                 |
|---|---------------------------------|---------------------------------------------------|-----------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| 1 | Жакупова Бибигуль<br>Турлановна | директор                                          | 38 жыл/8 жыл                            | Басшы-менеджер,<br>25.05.2022 ж<br>№ 183                        |
| 2 | Дуисалина Шынар Бірлікқызы      | Директордың оқу ісі<br>жөніндегі<br>орынбасары    | 9 жыл/4 жыл                             | Үшінші санатты<br>басшының<br>орынбасары<br>02.09.2024<br>№ 382 |
| 3 | Адилова Мулдир Максатовна       | Директордың тәрбие<br>ісі жөніндегі<br>орынбасары | 11 жыл/0                                | санатсыз                                                        |

Мектепте оқу - тәрбие және басқару жұмысының жүйесі қалыптасқан, әкімшілік - басқару қызметкерлерінің жалпы саны штаттық кестеге сәйкес келеді, тиісті жоғары базалық білімі бар. ӘБП құрамы тұрақты. ӘБК бекітілген функционалдық міндеттері бар. Жұмыс лауазымдық міндеттерге сәйкес жүргізіледі, оның шеңберінде оқу - тәрбие процесінің нәтижелерін диагностикалау және болжау жүргізіледі.

| Мақсаты:                                                                                                                           | SWOT талдау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2023-2024 оқу жылына оқу-тәрбие процесінің тиімділігі мен іске асырылуын бақылау мақсатында оқу-тәрбие жұмысы бойынша талдау жасау | <b>S – күшті:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>➤ Педагогикалық ұжымның тұрақтылығы</li><li>➤ Білікті мамандардың болуы:<ul style="list-style-type: none"><li>- мектеп тренерлері;</li><li>- педагог-зерттеушілер, педагог-сарапшылар сапалық үлесі;</li></ul></li><li>➤ Мектептерде әдістемелік күн, семинар, байқауларға педагогтардың қатыстырылуы;</li><li>➤ Педагогтар мен білім алушылардың аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған байқауларға қатысу деңгейінің артуы;</li><li>➤ Біліктілікті арттыру курстарынан пән мұғалімдерінің толық өтуі;</li><li>➤ Педагогтарының сапалық құрамының артуы (біліктілік санаттарының жоғарылауы);</li><li>➤ Озық іс-тәжірибелердің облыс, аудан көлемінде кеңінен таратылуы;</li><li>➤ Мектеп оқушыларының білім сапасының артуы.</li></ul> | <b>W – әлсіз:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>➤ Қашықтан оқыту кезінен білім алушылардың, білім алуында нақты бағалауда мүмкіндіктердің төмен болуынан қалған салдар;</li><li>➤ Пән мұғалімдерінің «Зерде», «Дарын» ғылыми жобаларға оқушыларды қатыстыру үрдісінің төмен болуы;</li></ul> |
|                                                                                                                                    | <b>O – мүмкіндіктері:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>➤ Мектепті дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға;</li><li>➤ Педагогтердің кәсіби біліктілігін көтеруге;</li><li>➤ Бірлескен сабақ жоспарлау, командалық оқытуға;</li><li>➤ Цифрлы оқыту форматында білім алушылардың нақты білімін айқындауға;</li><li>➤ Желілік қоғамдастықпен тығыз байланыс орнатуға;</li><li>➤ Әр түрлі платформаларды тиімді сабақта пайдалануға мүмкіндігіміз бар.</li></ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <b>T – қауіп:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>➤ Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты балалардың кітап оқуға деген қабілетінің жоғалуы нәтижесінде тілдік және сөйлеу күзіреттілігі, креативті ойлау қабілетінің төмендеуі.</li></ul>                                    |

**Қорытынды:**

Кадрлық құрамның талдауына қарай кадрлық құрам жас мамандармен толықтырылып келеді, бұл әдістемелік қызметтің жаңадан келген мұғалімдердің квалификациясын көтеру деген міндет туғызады; Бүгінгі таңда ваканттық сағаттар – химия, физика пәндерінен қажеттілік туғызып тұр.

**ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС**

2023-2024 оқу жылында 2 жас маман жұмысқа орналасты. Барлығы мектепте 4 жас маман. Жылдық қорытынды бойынша 2 жас маман біліктілік арттыру курсынан өтті, 2 маман педагог-модератор категориясын алды. (педагог-психолог Ашықбаева А, биология пәні мұғалімі Сабыр Н.)

Мектепте бірінші жыл жұмыс істеп жатқан мұғалімдер үшін семинар-тәжірибе, жас мамандар мектебі «Шыңдалу» мектебі құрылған болатын. Ондағы мақсат – жас мамандардың әдістемелік көмек арқылы квалификациясын көтеру және мектептің оқу процесіне интеграциялау және бейімдеу, педагогтердің кәсіби

дамуы мен өзін-өзі дамытуға орта құру болатын. «Шыңдалу» мектебі айына 1 рет (әрдайым жеке консультациялар жүргізіліп отырды) әр түрлі формада қиындық туғызатын семинарлар, іскер ойындар, дөңгелек үстел, пікірталас, ашық сабақтар өткізіліп отырды. Жаңа бастаған жас мұғалім алған білімі ашық сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға жібереді. «Шыңдалу» клубының отырыстарында дәстүрлі сұрақтар қарастырылды: жаңа әдістемелік әдеби кітаптардың түрлері, құқықтық-нормативтік құжаттар, жас маман портфолиосын қалай жасау керек, мансаптық перспективаның талдаулары қарастырылды. Жыл соңына дейін 21 сабақ өткізілді. Ондағы қарастырылған сұрақтар: жаңартылған білім бағдарламасын дамытудың стратегиялары, құжаттар жүргізу, оқушыға мінездеме беру, ата-аналармен жұмыс, сабақтағы тәртіпті қалай келтіру керек, әдіс-тәсілдері мен шешімдері, жан-жақтылық, оқытудың тиімділігі, мақсатқа сай болуы, білім берудің жаңа технологиялары, педагогикалық міндеттерді шешу, дарынды балалармен жұмыс жасау алгоритмі қарастырылды.

Жас мамандармен жұмысты талдай келе, мынадай қорытындыға тоқталдық: жаңа бастаған жас мамандарға әдістемелік көмек тиімді әсерін тигізді, мектепке бейімделу сәтті өтті. Жас мамандар өз мамандықтары бойынша өзіндік дамуды жұмыс жасауда, мектептің өміріне белсене қатысып, қоғамдық жұмыстарда және өз ашық сабақтарындағы жетістіктерден байқауға болады. «Жыл мұғалімі» байқауында Сабыр Нұржан Жандәулетұлы бас жүлде иеленсе, Серикбаева Сымбат Серикбаевна бірінші орын жүлдегері атанды.

Оқу жылының басында жас мамандарға арнайы жетекшілер бекітілген болатын. Әр жетекші жас маманмен жұмысқа жоспар құрылды. Жас мамандар жетекшінің сабағына кіріп, жетекші жас мамандардың сабағына қатысып үнемі байланыста болды. Жас мамандардың сабақтарында ұсыныстар беріліп, жас мамандар келесі сабақта сол кедергілерін жоюға тырысып отырды. Білікті мұғалімдер қажетті әдістемелік көмек көрсетіп отырды. Жас мамандарға жаңа технологияларды тиімді қолдануға байланысты семинар, ашық сабақтар жүргізіліп, жас мамандардың сабақтарына қатысып отырды.

## МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Педагогикалық шеберлікті көтерудің ең басты құралы, мектептің барлық жұмысын бір-бірімен байланыстыратын ол – әдістемелік жұмыс.

Әдістемелік жұмыс инновациялық жұмыспен үйлестірілген, оның мүшелері директордың орынбасары және әдістемелік бірлестік жетекшілері.

Оқу жылында әдістемелік кеңес отырысы болды, онда қарастырылған мәселелер: педагог әріптестердің бір әдістемелік тақырыпта жұмыс жасауын ұйымдастыру, әдістемелік бірлестік жұмыстарының жоспарын бекіту, шығармашылық топ, дарынды балалармен жұмыстың жоспарын құру. 2023-2024 оқу жылының талдауындағы ұсыныстарға сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылында гуманитарлық бағыттағы пәндердің сабақ беру сапасы, дарынды оқушылармен жұмыс, таңдау пәндерінің тиімділігі, сабақты зерттеу және 5-сыныптардың орта буынға бейімделуіне байланысты әдістемелік жоспар қарастырылды.

Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты әдістемелік бірлестіктермен тығыз жұмыс жасау болып табылады. Барлық әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспары бекітілді, мектептің оқу жоспарынан бөлек әр тоқсан соңында ӘБ отырысы өткізілді. ӘБ отырыстарында келесі сұрақтар қарастырылды: ӘБ жұмыс жоспарын құру, өзіндік білімін жетілдіру, құқықтық-нормативтік құжаттарды қарастыру, педагогикалық құзыреттілікті дамытып отыру, оқушылардың білім сапасы, дарынды оқушылармен жұмыстың жүйесі, жаңа технологияларды қолдану.

**Мектептің әдістемелік тақырыбы:** «Заманауи тәсілдерді, әдістерді және білім беру технологияларын қолдану арқылы білім беру сапасын жетілдіру»

### Әдістемелік жұмыс мақсаты:

- мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты әдістемелік көмек көрсету;
- білім сапасын арттыруға жағдай жасау, көңілді орта құру және әрбір оқу процесіндегі педагогтер мен оқушыларға өзін-өзі дамытуға, тануға, жетелеуге қолайлы жағдай туғызу.

### Әдістемелік жұмыс міндеттері:

- Мектептің педагогикалық ұжымының іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру (озық тәжірибені ендіру, жалпылау, тарату мен жүйелі зерттеу, үйрену)
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру.
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілері мен психолог, педагогтік қызметте

жекелеген бір мәселелерде қиналатын мұғалімдерге жас ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикаланған, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету.

- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.
- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын үйлестіру, жетілдіру, оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуға және өңдеуге ұсыныстар беру.

### **Педагог кадрлардың міндеттері:**

#### **А) квалификация бағытын көтеру:**

- Мұғалімдердің квалификациясын курстық оқулар, вебинарларға қатысу арқылы, дөңгелек үстел, онлайн және офлайн конференцияларға қатысу арқылы көтеру.

#### **Б) әдістемелік жұмыс бағытында:**

- Мұғалім-оқушы қарым-қатынасына талдау және диагностика жасау;
- Алдыңғы қатардағы мектептердің іс-тәжірибиесін қолдану және әр сабақ этаптарында педагогикалық технологияларды қолдану;
- Педагогтың және оқушының жеке шығармашылық әлеуетін дамытуға қолайлы орта құру мен білім беру мазмұнының вариативтілігі арқылы үйірме мен секцияларды кеңейту;
- Білім алушылардың мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша дайындығын сапалы көтеру.

#### **В) курстық жүйе арқылы педагог кадрлардың білім беру деңгейін көтеруді жалғастыру.:**

- Әдістемелік жұмысты жүргізуде педагог зерттеушілер, «Парасат» тобының жұмысы, тиімді оқытумен тәрбиелеу әдістемесін кеңейту.

2023-2024 оқу жылында келесідей **семинар, дөңгелек үстел, шебер-сыныптар өткізілді:**

- 20.09.2023 жылы «Оқушылардың дарындылығын дамытуда ғылыми жоба жұмысының ролі» ғылыми жоба заман талабы тақырыбында № 1 әдістемелік семинар;
- 19.10.2023 жылы «Цифрлық шешімдерді жүзеге асыру» кіші әдістемелік отырыс;
- 22.11.2023 жылы «Математика, информатика және биология пәндерінде цифрлық шешімдерді жүзеге асыру» шебер сынып;
- 25.11.2023 жылы мектепшілік білім сапасынан төмен нәтиже көрсеткен 8-сынып үшін «Ашық есік күні» өтті, бағдарламасы мен жоспары бекітіліп, мектептің 10 ұстазы өз тәжірибелерімен бөлісті;
- 13.12.2023 жылы «ББЖМ-ға сапалы дайындау жолдары» дөңгелек үстел;
- 20.12.2023 жылы «Action Research және Lesson Study» әдістемелік күн;
- 06.01.2024 жылы «Білім ал» жобасы аясында «Стриминг» тобының мүшелері, жаратылыстану пәні мұғалімдері облыс деңгейінде іс-тәжірибелерімен бөлісті;
- 17.01.2024 жылы «Дәптер-оқушы айнасы» атты кіші әдістемелік семинар; 14.02.2024 жылы «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-сапалы білім негізі» педагогикалық ынтымақтастық;
- 28.03.2024 жылы «Шығармашылықты шыңдау-біліктілікті арттыру кепілі» аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің есебі тыңдалды;
- 19.04.2024 жылы «Табысты сабақ құрылымы» коучинг;
- 15.05.2024 жылы «Білім сапасын көтерудегі тиімді әдістер» 6,8 сыныптардағы оқу мақсаттарын игеруде қиындық келтіретін оқушылармен жүргізілетін жұмыс сапасы
- 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер үшін әдістемелік семинар, «Порядок проведения аттестации педагогических работников организаций, осуществляющих образовательную деятельность»,

Оқу-әдістемелік жоспар бойынша қыркүйек айында 1 күндік тіл мерекесіне орай «Тіл деген алып мұхит, түбі терең», наурыз айында тілдер апталығы күніне орай «Наурыз-думан» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Сыныптан тыс іс шаралар, концерттік бағдарлама, интеллектуалды ойындар, тілдерді білуге арналған оқушы қызығушылығын арттыруға жоспар жасақталды.

Көркем-эстетикалық пәндер апталығы «Білімді ұрпақ-кемел болашақ» тақырыбында ұйымдастырылып, жоғары деңгейде болып өтті.

Сәуір айының 15-19 аралығында «Білім шыңының баспалдағы-бастауыш» атты бастауыш сынып бірлестігінің апталығы жоғары деңгейде өткізілді. Апталықтың ашылуында «Бәрін білгім келеді» көңілді старт ойыны кезінде оқушыларға түрлі қызықты ойындар өткізілді. «Әдем жазу да - өнер» көркем жазу байқауында жазу каллиграфиясын талапқа сай орындаған оқушыларды іріктеп, марапатталды. «Смарт оқушы» сайысында 3-сынып оқушысы Мейрамханқызы Маржан өз білімін шыңдап, өнерімен тәнті етіп жеңімпаз атанды. Апталықтың соңғы күні «Ән шырқайық, би билеп» атты көңілді кеш концертімен аяқталды.

Мектепте келесідей факультативтік курстар өткізіледі:

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес 5-8 сыныптарда 0,5 сағат, 9-11 сыныптарда 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

➤ 1-4 сыныптар арасындағы негізгі бағыттар: Ғажайып математика, Қызықты математика, Математика және логика, Көркем жазу таңдау курсы.

**Қорытынды:** Орта және жоғарғы сынып мұғалімдерінің жұмыстары тек дарынды балалармен жұмыс және апталықтардың өткізуі болып табылады.

**Ұсыныс:** ӘБ жетекшілерінің 2024-2025 оқу жылына жасаған жоспарларын қайта қаралсын, пән мұғалімдерінің сапалы жұмысына көңіл аударылсын, тәжірибемен бөлісу және мониторингпен жұмыс ӘБ жетекшілері мен мұғалімдерге жүктелінсін.

## МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ

Мектепшілік бақылау - мектеп әкімшілігі мүшелерінің басшылық тәртібі және өз құзыры шектеуінде мектеп қызметкерлерінің ҚР, министрліктің, департаменттің, мектептің білім беру саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылау түрінде жүзеге асырылатын бақылау, тексеру өткізулері болып табылады.

### Мақсаты:

- Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру.
- Мұғалімдердің шеберлігін арттыру.
- Мектепте білім беру сапасын жақсарту.

### Міндеттері:

- білім беру саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді бұзу және орындамау жағдайларын айқындау, олардың алдын кесу шараларын қолдану;
- бұзулардың негізін құрайтын себептерді талдау, олардың алдын ала бойынша шара қабылдау;
- педагог қызметкерлердің қызмет нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау; педагогикалық қызмет нәтижелерін зерттеу, білім беру ұйымындағы жағымды және оң өзгерістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату және кері тенденцияларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мектеп бойынша бұйрықтарды және өкімдерді жүзеге асыру нәтижелерін талдау;
- бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

2023-2024 оқу жылында мектепшілік бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сүйеніп жасалып, 6 бағыттан тұрды:

I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

II. Оқу процесінің сапасын бақылау;

II. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;

III. Оқу-зерттеу қызметі;

IV. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін

бақылау; VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау.

2023-2024 оқу жылында жоспарлы тексеру түріндегі мектепшілік бақылау бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүзеге асырылды, ол мерзімділікті қамтамасыз етті. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық кеңес мүшелерімен бекітілді.

Мектепшілік бақылау барысында келесі мәселелер қаралды:

ҚР білім беру саласындағы заңнамасын ұстану;

білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

каржылық және материалдық құралдарды нормативтерге сәйкес қолдану;

білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді қолдану;

бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іске асыру, бекітілген оқу кестелерін сақтау;

Мектеп жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және өзге жергілікті актілерді сақтау;

оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу және оқу үлгерімін аралық бақылауды өткізу тәртібін сақтау;

оқушылардың жекелеген санаттарына қосымша жеңілдіктерді және заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органының құқықтық актілерімен карастырылған материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақытында

жеткізу;

2024-2025 оқу жылының мектепшілік бақылау жоспарын орындау барысында келесі оқу жылына **ұсыныстар** туындады:

- Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7- сыныптардағы жұмыс жүйесі;
- Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі мен математика пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі;
- Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша сабақта тапсырмалардың енгізілуі;
- 5-9 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі;
- 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы;
- 9-10 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беретін жаңа қоғам мектебін қалыптастыру- қазіргі заман талабы. Ол үшін білім беруді жан-жақты жетілдіру қажет. Қазіргі бәсекелестік заманда өзінің білімділігі мен біліктілігін таныта алар, дарынды да талапты жеке тұлға тәрбиелеу міндеті-білім мазмұны мен оқу үдерісіндегі тың ойлар мен шешімдердің жүйесіне тіреледі. Демек, қазіргі заман мұғалімі - өсуді басқарушы, көреген, әрбір оқушы үшін қалаған болашақ бейнені құрушы.

Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы Құмқұдық елді мекенінде орналасқан Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі- өзіндік ерекшелігі бар, шағын жинақты білім беру ордасы. Егемен еліміздің парасатты азаматын қалыптастыруда шағын жинақталған мектептің де қосар үлесі мол.

1969 жылдан бері бой көтерген мектептің қазіргі кезде 55 жылдық тарихы бар. Сан жылдар мектептен саналы түлектерін ұшырып, еліміздің дамуына үлес қосатын, қазақ ұлтының болашағын, үміт артқан ертеңін, халық арманын арқалаған жас жеткіншектерді тәрбиелеп, өсіріп отыр. Мақтана да марқая ауыз толтырып айтуға болатын түлектеріміз баршылық. Атап айтар болсам, ақын, “Ақтөбе” газетінің редакторы Ертай Ашықбаев, Темір аудандық салық бөлімінің басшысы болған Кенжегулова Гулсим, тарих ғылымдарының докторы, профессор Исагулов Ұзақбай, ҚР Министрлігінің Спорттық резерв және әдістемелік қамтамасыз ету басқармасының басшысы Нурмуханбетов Аманбай, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті, білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы Кемешов Асқар, “Әлем ұстазы” байқауының жеңімпазы, қазақ-түрік лицейінің білікті мұғалімі Базарғалиева Баян т.б Қазіргі кезде қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді. Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше бүгінгі заман талабына сай білім беру мүмкін емес. 2023-2024 оқу жылынан бастап

«Ақтөбе облысының шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамыту» жобасы жүзеге асырылды. Облыстық әкімдікпен бірлесіп, «Қазақстан халқына» және «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қорларының қолдауымен қолға алынған жоба аясында 11 тірек мектебінің бірі ретінде біздің мектеп таңдалып, материалдық-техникалық базамен жабдықталды. Сондай-ақ, «Білім АП» өңірлік жобасының форматы жетілдіріліп, бірнеше бағытта ұйымдастырылды. Аталған жобаға өткен оқу жылында 120 мектептің оқушылары қатысқан болса, биылғы оқу жылында 134 ауыл мектебінің балалары бірегей жобаға қатыстық. Сонымен бірге, шағын жинақты мектебімізде цифрлық кабинет жабдықталып, біріктірілген кабинет (эмбебап) ашылды. Мұның бәрі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою туралы тапсырмасын орындау, ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру мақсатында қолға алынып жатырғаны көңіл қуантады.

Жоба аясында мектеп басшылары мен педагог кадрлар цифрлық технологияларды, онлайн коммуникацияларды, дифференцияны және дараландыруды қолдана отырып, сабақ өткізуді үйренді, сонымен қатар, онлайн ресурстарды пайдалану бойынша білімдерін жетілдірді.

Білім беруді цифрландыру – уақытты сақтау қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар барлық оқушылар үшін интерактивті, қолжетімді оқу ортасын құру мүмкіндігі.

Жоба білім беруді жаңа құрал, әдістермен байыта отырып, шағын жинақты мектебіміздің көкжиегін кеңейтті.

Жобаны іске асыру ауылдық жерде білім беру сапасын одан әрі арттыру, оқушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан білім алуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болды.

Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде балалардың жан-жақты дамуы мен сапалы білім алуына барлық жағдай жасалды. Осы мәселерді шешу үшін мектебімізде жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мектепте аталған жобаға 7 педагог, 42 оқушы тартылды.

Цифрлық шешімдері жүзеге асыруда химия кабинеті мен эмбебап кабинеті толық жабдықталды. Физика кабинеті модернизациядан өтті. Әр оқу кабинеттеріне панельді және интербелсенді тақталар орнатылды. Интернет жылдамдығы артып, ақпараттық технологияларды қолдану қолжетімді болып, “Стриминг” сабақтарының үзіліссіз жүргізілуіне оң әсерін тигізді. “Стриминг” сабақтары кезінде оқушылар виртуалды

мұғалімнің жетекші сұрақтарына мүлтіксіз жауап беріп,білімдерін толықтырды. 6,8 сыныптардан алынған сынама тест тапсырмаларын өз беттерінше орындады.

Мектепте мұғалімдер үшін тәжірибе алмасу мақсатында “Цифрлық шешімдерді жүзеге асыру”тақырыбында өткізілген семинардың маңызы зор болды. Семинар барысында биология пәні мұғалімі Г.Т.Бегимбетова “Демо” сабақтардың құрылымын талдап,түсіндірді. Математика пәні мұғалімі М.Е.Шорабаева “Wordwall” платформасын қолдану әдістерін ұсынды. Химия пәні мұғалімі С.С.Серикбаева “Padlet”, “Classroomscreen” платформаларының сабақ барысындағы кері байланыс түріне пайдалану тиімді жолдарын көрсетті.

“Ізденіс-табыс кілті” тақырыбында өтілген педагогикалық оқуда “Білім ALL” жобасы аясындағы пән мұғалімдері өзіндік ізденістерімен туындаған тәжірибелерімен бөлісті. Математика пәні мұғалімі М.Е.Шорабаева “Plipity” платформасының үй тапсырмасын тексеруде сұрақ-жауапты сәйкестендіру, тест сынағының жауабын табуда оқушы ойын жылдамдату әдістерімен бөлісті.

Химия пәні мұғалімі С.С.Серикбаева “Educapley”, “Mozaik 3 d” платформаларының үй тапсырмасын тексеру кезінде қолданудың артықшылы мен сабақты зерттеу барысында таптырмас мүмкіндік екенін баяндады. Осы платформаларды қолданысқа енгізгеннен бастап,кейбір оқушылардың пәнге деген қызығушылығы ояңғанын атап өтті.

Биология пәні мұғалімі Н.Ж.Сабыр “Дарын онлайн”, “Joiteka” платформаларымен жұмыс жасаудың қыр-сырына тоқталды.

15 қараша 2023 жылы мектепте «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысындағы ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасы аясында әдістемелік семинар болып өтті. Шағын жинақты мектептердің курсынан өткен педагогтерді курстан кейін қолдау мақсатында әдістемелік көмек көрсету үшін семинарға «Өрлеу»БАҰО АҚ Ф Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі Каплиева Айгуль Кыдырбаевна мен Темір аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Темірханова Гүлшат Темірханқызы қатысып, «Білім беруді цифрландыру- барлық оқушылар үшін интерактивті, қол жетімді оқу ортасын құру,білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру,жаңа технологияны қолдана отырып,мектептің цифрлық көкжиегін кеңейту» мақсатында пікір алмасты.

Шалғайдағы шағын жинақты мектептің тыныс тіршілігімен танысқан Каплиева Айгүл Кыдырбайқызы цифрлық шешімдерді жүзеге асыру барысындағы мектептің оқу-тәрбие үдерісіне оң бағасын берді.

Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасындағы олқылықтарды жою мақсатында химия,биология,математика пәндерінен 7-сыныпқа зерттеу сабақтары ұйымдастырылды.

Химия,биология,математика пәндерінен қараша айында “Жаратылыстану пәндерінде қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру-олқылықтарды жоюға қалай ықпалын тигізеді?” тақырыбында зерттеу сабақтары өткізілді.

Мақсаты - оқушылардың оқуын жақсарту үшін мұғалімдердің әр сабақта қалыптастырушы бағалауды,кері байланыс түрлерін үздіксіз жүргізіп отыруына ықпал ету.

Оқушының күнделікті білім сапасы мен білім алудағы олқылықтарды түзету барысында қиындық тудыратын сұрақтар анықталды.

Сабақтар барысында бірлескен әдіс-тәсілдер таңдалып,оқушыларға тиімді платформа түрлері қолданылды. Соның ішінде “LearningApps.org” әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, “Educapley”, “Wordwall”, “Kahoot” платформалары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. “Bilimclass” электронды журналындағы “Bilim land” қосымшасы арқылы үй тапсырмасы тексеріліп,сабақтың соңында қорытынды тапсырмалар орындалды. Оқушылардың үй тапсырмасын орындауға деген жауапкершіліктері артты. Оқушылардың “өз менін” қалыптастыруға сенімділігі артып,ойларын іркілмей жеткізуге тырысты.

Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігінің артуы олардың оқу үлгеріміне де үлкен әсерін тигізді. Сабақ үстінде достарының қолдауы тапсырманы аз қатемен,кейде мүлдем қатесіз орындауына септігін тигізді. Сыныптағы басқа да оқушылармен ынтымақтастық сезімі нығайды.

Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдердің іскерлік дағдылары жоғары бағаланып,мадақталды. Нәтижесінде, мұғалімдер облыс көлемінде сабақты зерттеудің озық әдістерімен тәжірибе бөлісіп,алғыс хаттармен марапатталды.

XXI ғасырдың жан - жақты зерделі, дарынды, талантты тұлғасын қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған мектепшілік “Педагогикалық идеялар” фестивалінде химия пәні мұғалімі С.С.Серикбаева оқытудағы озық тәжірибесімен бөлісті.

Қазіргі заман талабының өзі оқушыны 1 - орынға қою, яғни мұғалім сабаққа бағыт беруші болып, оқушы алдын - ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік талдау жасап, бірін - бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізіп, білім беруші рөлін алады.

Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім- жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

Осы орайда, ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланылып мұғалімдер мен оқушылар өздігінен жұмыс жасай алатын химия пәнінен жасаған цифрлық кітабын насихаттады. Аталған электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарлатып, өздігінен, мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және зертханалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызған. Электронды оқулықты қолдану барысында графикалық безендірулер және сұхбат терезесі түріндегі пайдаланушы интерфейсі оқушыларды бұл кітапты пайдалануға деген қызығушылығын арттырған.

Электронды оқулық жай оқулықтарға қарағанда өте тиімді және қосымша мүмкіндіктері зор. Яғни, түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып, көрсетуге болады. Бұрын мұғалім тақтаға бормен жазып түсіндірсе, қазір электрондық оқулық арқылы оқушыларға әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Сонымен қатар, оқулық ішіндегі әр тақырыптан кейінгі тест тапсырмалары оқушының өздігінен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі қайта тексеруіне мүмкіндік жасайды. Меңгерілуі қиын тақырыптарды электронды оқулықтың көмегімен түсіндірсе, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оялатынын түсіндірді.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болатына тағы бір мәрте көз жеткізді.

“Педагогикалық идеялар” фестивалінде озық тәжірибесін ұсынған биология пәні мұғалімі, магистр Н.Ж.Сабыр “Биология-медицина-салт-дәстүр” тақырыбында кіріктіріліп өткен сабақтар бойынша идеясын ұсынды. Оқушылардың бойында «жалпыадамзаттық және ұлттық» құндылықтарды сіңіруге мүмкіндік беретін үштік одақтың бір бағытта ақпарат беруі арқылы биология пәнін оңай игеруіне оң ықпал тигізетінін дәлелдеді.

Бұл жобада оқушы тәрбиесі (салт-дәстүр), яғни әлеуметтік мәселе (медицина) мен мектептегі өмір (биология пәні) бір арнада тоғысқан. Нақтырақ айтсақ, оқушы тәрбиесіндегі ұстаздың қосар үлесі мен ұлттық құндылықтардың жас ұрпақта сақтап қалуы жобаның пайда болуына себеп болған.

Ұлттық құндылықтар дегенде ең алдымен ойымызға келетіні- ол әрине, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар. Осы салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындарды зерттей келе, балаға тек рухани тәрбие ғана емес, сонымен қатар, баланың физикалық, логикалық ойлауына да өзіндік әсер етуі. Ұлттық ойындарды - биология пәніне кіріктірген бір элемент ретінде алынған. Мысалы, асық ойыны, тоғызқұмалақ ойындары баланың ойлауына, дене қимылына өзіндік әсерін тигізеді.

Асық ойынын бір жауапты сұрақтарға жеке тапсырма ретінде қолданған. Яғни, бөлімді қорытындылағаннан кейін сол бөлім бойынша тест құрастырған. Әр асық артында сұрақ жасырылған. Асық атуға шыққан оқушы қай асыққа тигізеді, сол асық артындағы сұраққа жауап береді. Бұл тапсырма бір жағынан сергіту сәті ретінде де өте жақсы нәтиже берген. Бұл әдіс медицинамен тікелей байланысты, яғни, бұлшық еттің жұмыс жасауы. Кей жағдайларды асық арқылы топқа бөлген. Осылайша, сабақта асық қолдану арқылы оқушылардың асық ату ойынына деген қызығушылығын ашқан.

“Генеалогиялық шежіре құру” тақырыбында өткен сабақта оқушыларға өз шежіресін құру тапсырмасы берілген. Бұл тапсырмада оқушы өзінің бір сыртқы белгісін кімнен дарығанын айқындау мақсатында өз сызба нұсқасын ұсынды. Ол сызбада ата-әжесі, әке-шешесі және оның бауырлары және өзінің бауырлары көрсетіледі. Бұл тапсырма оқушының өзінің отбасын және туыстарын айқын танып білуі үшін берілген. Тәрбиенің алғашқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ.

Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ал, қазіргі таңда баршамызды болашақ ұрпақ тәрбиесі алаңдататыны бәрімізге аян. Сол себепті, оқушыларға жүргізілетін сабағын ұлттық мәдени құндылықтармен және медицина саласымен ұштастыруды жөн,- деп санағаны ұтымды шықты.

“Педагогикалық идеялар” фестивалінде тағы да бір цифрлы озық тәжірибесін ұсынған тарих пәні мұғалімі С.К.Каракойшин “Дүниежүзі тарихында mozaik- 3D платформасын қалай тиімді пайдалануға болады және

одан қандай нәтиже күтіледі?” деген тақырыпта идея таратты.

Ақпараттық технология - өзінің мәнділігі жөнінен өте әділ де шындыққа негізделген үрдіс. Демек, ХХІ ғ. әрбір адамның өз мүмкіндігінше білімін пайдалануға кең өріс ашқан технология құралдармен жұмыс істеуге мол мүмкіндік туғызған ғасыр болғалы отыр. Қазіргі ақпарат технологиясының дамуы мен жетілуі кітап басу ісінің жазба әдебиетінің, әр елдің тілінің дамуының, телефон, радио, теледидар, компьютер т.б. ақпарат құралдарының пайда болуымен қатар жүргенін айтты. Ақпараттық технологияның мәні білім өндірісін жасауы болып табылатынын, өз кезінде ол қоғамның рухани және материалдық күйін түбегейлі өзгерте алатынына тоқталды. Бұл білімді ақпараттандыру дәуірінің өзі туғызып отырған қажеттілік екенінен баса назар аударған. Тақырыптың өзектілігі де осында.

Қазіргі таңда оқушыларға тек кешегі технологияларды қолдану ғана емес

сонымен қатар, жаңа пайда болып жатқан технологияларды оқытуда қолдану өзекті болып табылады. Осы орайда тарих, соның ішінде, дүниежүзі тарихында “mozaik- 3D” платформасын қалай тиімді пайдалануға болады және одан қандай нәтиже күтіледі деген тақырыпта ой қозғады.

“Mozaik- 3D” платформасы-виртуалды және толықтырылған шындықты қолдану арқылы оқыту тәжірибе мен білімді сақтау әдісі болып табылады. Дүниежүзі тарихы сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында” mozaik- 3D” платформасы шешуші орын алады,- деп тұжырым жасады.

Оқушылар өзге елдің тарихымен танысқанда өздеріне беймәлім мәліметтер қорын табуда асқан қызығушылық танытпайды. Көзбен көріп, қолмен ұстамаған нәрсе оларды тез жалықтырады. Сондықтан, осы платформа оқушылардың білім сапасын арттыруға көп көмегін тигізгені мәлім болды.

Мысалы, 5-сыныпта “Ежелгі Египет” тарауын меңгертуде, “mozaik- 3D” платформасын пайдаланған кезде, оқушы пирамиданы жан- жағынан және оның ішкі жақтарын көріп, өзін Мысырда саяхатта жүргендей күй кешкен. Егер, “mozaik- 3D” платформасын пайдалансақ, пирамиданы жан- жақты зерттеп көре аламыз, тіпті ішкі жағынан танысып, перғауындарды жерлеген орындарын анықтауға мүмкіндік алуға болады. Ал, оқулықта тек пирамидалар туралы қарапайым түсінік берілген. Мысалы, пирамида салуда 100 мыңнан астам құлдардың жұмысқа тартылғаны, пирамида салу үшін 2 млн 300 мыңдай тас жұмсалғаны, ең кіші тастың салмағы 2,5 тонна болатыны айтылған. Бұл деректер оқушы танымын дамытуда аздық етеді. Ал, “mozaik- 3D” платформасы арқылы қарағанда ғимараттардың анық құрылысы, бай әрі көрнекті материалы, сонымен бірге, сан мыңдаған 3D көріністері, видео және тапсырмалар оқуды қызықты және әсерлі етеді.

Бұл платформа сабақтың өн бойында жүзеге аспағанымен, зерттеу сабақтарында жақсы нәтижеге қол жеткізудің тиімділігі зор екенін баяндады.

Интерактивті 3D көріністері оқу материалдарын тиімді өндеуге мүмкіндік береді. Көріністерді біздің интерактивті оқулықтарымыздан, сондай-ақ медиа-лексиконнан тақырыптар бойынша табуға болады. Еркін айналатын және өлшемі өзгертілетін үлгілерге кіріктірілген анимациялар, наррациялар және тапсырмалар тақырыпты меңгеруге көмектеседі.

Дәрістердегі 3D көріністері mozaBook-те, ал оқушыларға mozaWeb-те қолжетімді.

Цифрлық оқулықтар заманауи, өзекті оқу материалдары оқулықтарымызға негізделген және біздің интерактивті мазмұндарымызбен толықтырылып, цифрлық құралдардың көмегімен әрбір тақырыпты ашуға көмектеседі.

3D сіздің ұялы телефоныңызда, планшетіңізде “mozaik3D” білім беру қосымшаларын жүктеуге және олармен танысуға мүмкіндік бар екенін көрсетті. 1300-ден астам 3D көрінісін телефоннан және планшеттен ашуға болатынын мәлімдеді. Үйде оқуға теңдессіз көмек болатынын және білім алудың қызықты әрі тиімді жолын ұсынды.

Білім сапасын арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстарды саралай келе, нәтижесінде Шорабаева Мейрамгуль Едилхановна-“Математика сабағында Socrative платформасын қолдану, Сабыр Нұржан Жандәулетұлы-”Геймификация- оқушылардың жұмысын ынталандыру әдісі ретінде қолданылуы”, Серикбаева Сымбат Серикбаевна-”Химия пәнінің сандық ресурстармен қамтамасыз етілуі” тақырыптарында облыс көлемінде онлайн тәжірибе таратып, “Алғыс хаттармен” марапатталды.

“Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы ауыл оқушыларына өздері тұратын

жерде сапалы білім алуға қол жеткізуге, сондай-ақ білім беру ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік берді. Бүгінде жоба өзінің жоғары тиімділігін көрсетіп отыр. 7-сыныпқа өткізілген зерттеу сабақтары нәтижесінде білім сапасы 38 пайыздан 92 пайызға көтерілді. Сонымен қатар, оқушылар жаратылыстану бағытында аудандық, облыстық байқаулар мен пәндік олимпиадаларға белсене қатысты.

Қорытындысында, “I Qanat” олимпиадасынан Балағұл Саян мен Шалатай Мәдина республикалық кезеңге жолдама алды. Математика пәні бойынша Шара Ерғалиева атындағы аудандық пәндік олимпиададан Балағұл Саян I дәрежелі дипломға ие болып, бағалы сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар, математика пәнінен ұйымдастырылған Мәриямкүл Байрахметова атындағы атаулы олимпиададан аталған оқушы 3 орын иегері атанды. Жаратылыстану пәні бойынша аудандық олимпиададан Нуртиген Дильназ I орын, Аманжол Қасым II орын, биология пәні бойынша Құсайын Айым I орын иеленді. Математика пәні бойынша “Мың бала” олимпиадасынан Аманжол Қасым мен Балағұл Ернұр облыстық кезеңге жолдама алды. “Алтын сақа” математикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Бұрматай Аяулым II орын иегері атанды. Бұл шағын ғана ауыл мектебінің ауыз толтырып айтарлық жетістіктерінің бірі ғана.

Мектеп әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі. Ауыл мектебінің мәселесі - қазақтың елдігінің мәселесі.

Жобаның тиімділігін атап өтер болсам, әсіресе төтенше жағдай орын алған кезде білім беру үдерісін тоқтатпай, қашықтан оқытудың оңтайлы тәсілі шешімін тапты. Жоба аясында “Біз жобадамыз” стенді жасақталып, “Озат тәжірибе-ортақ іс” бірлескен сабаққа ену жоспары құрылды.

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, дамыту үшін мұғалімдердің іскерлігін шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттау керек. Олармен әдістемелік жұмыстарды әдіскер-мұғалім-әдістемелік бірлестік үштік бірлігін сақтай отырып, жүргізген тиімді болды. Сол себепті шағын жинақталған мектеп мұғалімдеріне мектеп жұмысын терең де мазмұнды жоспарлауға нұсқау беріп, білім берудің жаңа технологияларымен жұмыс жасауға бағыттаған жөн. Әдістемелік көмек беру үшін сабақтарына тікелей қатысып, әдістемелік талдау жасап, жекеше және топтық, ауызша және жазбаша кеңестер берген дұрыс болады. Осы орайда, “Әдістемелік күндер” өткізген тиімді болды. Әдістемелік күнде “Ашық сабақтар” мен қатар ата-аналар үшін “Ашық есік” күндері өткізіліп, тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің кәсіби, жаратылыстану-математика пән мұғалімдерінің шеберлік, бастауыш сынып және көркем-эстетикалық пәндері мұғалімдерінің әдістемелік деңгейлерін саралау мақсатында сабақтарға қатысып, толықтай әдістемелік көмек берілді.

Шағын жинақты мектепте мұғалімдердің шеберлігін шыңдаудың тағы бір жолы-пәндік апталықтар өткізу. Бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен “Білім шыңының баспалдағы -Бастауыш” тақырыбындағы апталық “Ойна да ойла” әдісімен қызықты да тартымды өтті. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі “Тіл-ұлт қазынасы, халық шежіресі” атты наурыз-думан апталығын шебер ұйымдастырды. Апталық барысында ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер насихатталып, халықтың шежіресі айтылды. “Өнерлі ұрпақ-кемел болашақ” көркем-эстетикалық пәндер апталығында салауатты өмір салтына бағытталған іс-шаралар көрініс тапты. Күмбірлеген күй, әуелеген ән, мың бұралған би мен мақамына келтірілген бата, барлық ұлттық құндылықтар келтірілген қолөнер туындылары, бұрымы жерге тиген арулар сайысымен өрнектелді. “Жаратылыстану-әлемді бейнелейтін нақты ғылым” жаратылыстану-математикалық пәндер апталығында танымдық және логикалық тапсырмалар, зертханалық жұмыстар, қызықты қоңырау кезіндегі викториналық сұрақтар, дене шынықтыру пәні мен жаратылыстану пәндері кіріктірілген “Көңілді сөре” оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырды.

Алдағы оқу жылына “Білім беруді цифрландыру - барлық оқушылар үшін интерактивті, қол жетімді және оқу ортасын құру, білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру, жаңа технологияны қолдана отырып, шағын жинақты мектептердің цифрлық көкжиегін кеңейту” мақсаты өзекті мәселе болмақ.

Негізгі міндет-

- Білім беру жүйесін цифрландыру;
- білім беру ұйымының цифрлық ортасын жетілдіру
  - цифрлық технологияларды, онлайн коммуникацияларды қолдана отырып сабақ өткізу;
- онлайн ресурстарды пайдалану бойынша білімдерін жетілдіру.
  - білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру.

Нәтижесінде:

- Білім беру жүйесі цифрланады;
- Білім беру ұйымының цифрлық ортасы жетіледі;
  - цифрлық технологияларды, онлайн коммуникацияларды қолдана отырып сабақ өткізе біледі;

-онлайн ресурстарды пайдалану бойынша білімдерін жетілдіреді;

- білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырады ,педагогтердің цифрлық технология жағынан кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейінді оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Цифрлы форматта білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Цифрлық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте,қазіргі кезде педагогтердің компьютерлік(цифрлық) сауаттылығының деңгейі 89 пайызды құрайды,алдағы жылдарда оның өсуі 100 пайызға жетуі қажет.

Мектептің 2023 -2028 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасында “Цифрлық білім беру ортасының қызметін ұйымдастыру үшін білім беру сервистері және контентті тасымалдаушылардың әзірлеген және ұсынған материалдары, оқушылардың жетістіктері және бағалау құзыреттіліктері, білім, білік дағдыларының деңгейлерін анықтауға ықпал ететін құралдар және цифрлық форматта ұсынылған оқыту мен тәрбиелеу материалдарын тиімді пайдалану арқылы цифрлық шешімдерді жүзеге асыру”- миссиясы алынды.

Міндеттері:

- Жалпы білім беру ұйымының цифрлық ортасын жетілдіру үшін оқу процесінде пайдалану ;
- білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүйелі жүргізу;
- педагогтердің цифрлық технология жағынан кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

Іске асыру кезеңдері:

1 кезең: 2023 -2024 жылдар

Ұйымдастыру кезеңі

Мәселені анықтау, шешу жолдары:

Оқу – тәрбие үдерісіне қатысушылардың біліктілігі мен құзіреттілігін арттыру.

Басқа озық мектептің тәжірибиесін меңгеру.

Цифрлық шешімдердің енгізудің жоспарын құру.

Цифрлық технологияны енгізудің жол картасын жасау.

Математика,физика,химия,биология,ағылшын пәндері бойынша «Білім ал» жобасын іске асыруға қатысу.

2 кезең: 2025-2026 жылдар

Қалыптастыру кезеңі

Мектеп ресурсына байланысты цифрлық шешімдерді ендірудің кезеңдерін нақтылау.

Педагог, оқушы, ата – аналармен кері байланыс жасау.

Цифрлық платформалар мен цифрлық оқулықтарды пайдалану.

Цифрлық шешімдерді мектептің барлық даму бағытына ендіру .

Мектептің даму бағытына цифрлық шешімдерді қолданудың критерийін анықтау және нақтылау

3 кезең: 2027-2028 жылдар

Аналитикалық (талдау, жинақтау)

Мектептің әдістемелік жұмысын облыстық конференцияда таратуды ұйымдастыру. Ұйымдастырудың жаңа формаларын әзірлеу және кәсіби конкурстар өткізу.

Озық тәжірибені баспасөз бетіне жариялау.

Өткізілген іс-шаралар уақытылы Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісінде жарияланып отырады. Әлеуметтік парақша атауы:**abai\_zhobb**

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылында мұғалімдердің конкурс,олимпиада  
іс-шараларға қатысуын қадағалау

| №  | Конкурс атауы                                                                                                                                 | Педагогтың аты-жөні                       | Конкурс,олимпиада деңгейі   |                                |               |             |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------|---------------|-------------|
|    |                                                                                                                                               |                                           | аудандық                    | облыстық                       | республикалық | халықаралық |
| 1  | Педагогикалық конкурс                                                                                                                         | Барлыбаева<br>Гульсия<br>Айтжановна       |                             | II дәрежелі<br>Диплом2<br>2024 |               |             |
| 2  | «Темір ауданы тарих пен мәдениет және өнер ордасы» тақырыбындағы облыстық ғылыми конференция                                                  | Казмуханова<br>Гулнази<br>Бабатаевна      |                             | Алғыс хат<br>2023              |               |             |
| 3  | Шағын мектептер арасындағы Өрлеуден                                                                                                           | Казмуханова<br>Гулнази<br>Бабатаевна      |                             | Алғыс хат<br>2023              |               |             |
| 4  | Пәндік олимпиада                                                                                                                              | Салимгереев<br>Асет<br>Кенжебекович       |                             | Диплом<br>III орын<br>2023     |               |             |
| 5  | Үздік дене шынықтыру байқауы                                                                                                                  | Салимгереев<br>Асет<br>Кенжебекович       |                             | Сертификат                     |               |             |
| 6  | «Информатика пәнін оқытуда жаңа педагогикалы,ақпаратты қ-коммуникативті технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану» тақырыбында аудандық семинар | Қошқарбаева<br>Гүлзат<br>Қанатқызы        | Алғыс хат<br>2023           |                                |               |             |
| 7  | XXIII мұғалімдер спартакиадасы «Тоғызқұмалақ»                                                                                                 | Қошқарбаева<br>Гүлзат<br>Қанатқызы        | II орын<br>2023             |                                |               |             |
| 8  | Педагогикалық конкурс                                                                                                                         | Қошқарбаева<br>Гүлзат<br>Қанатқызы        |                             | III дәрежелі<br>диплом<br>2024 |               |             |
| 9  | «Ақбидай» волейболдан                                                                                                                         | Қошқарбаева<br>Гүлзат<br>Қанатқызы        | III орын<br>2022            |                                |               |             |
| 10 | Қысқы спорт түрлерін дамыту «Шаңғы тебу» жарысы                                                                                               | Қошқарбаева<br>Гүлзат Қанакызы            | II орын<br>2022             |                                |               |             |
| 11 | Еліміздің ертеңгі-өлескен ұрпақтың кемел келешегіне арнап,білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін                             | Қошқарбаева<br>Гүлзат<br>Қанатқызы        | Құрмет<br>грамотасы<br>2023 |                                |               |             |
| 12 | «Әділетті Қазақстан:сапалы білім,адал ұрпақ,табысты ұлт» тамыз кеңесі                                                                         | Бегимбекова<br>Гүлжахан<br>Тажимурастовна | Алғыс хат<br>2022           |                                |               |             |
| 13 | Ақтөбе облысының білім басқармасы                                                                                                             | Бегимбетова<br>Гүлжахан<br>Тажимурастовна |                             | Алғыс хат<br>2023              |               |             |
| 14 | Педагогикалық конкурс                                                                                                                         | Бегимбетова<br>Гүлжахан<br>Тажимурастовна |                             | II дәрежелі<br>диплом<br>2024  |               |             |
| 15 | «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы                                                                                                  | Бегимбетова<br>Гүлжахан<br>Тажимурастовна | Алғыс хат<br>2024           |                                |               |             |
| 16 | Педагогикалық конкурс                                                                                                                         | Мукашева                                  |                             | I дәрежелі                     |               |             |

|    |                                                                                                                                                           |                                       |                   |                               |  |                   |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|-------------------------------|--|-------------------|
|    |                                                                                                                                                           | Айнур<br>Алмасқызы                    |                   | 2024                          |  |                   |
| 17 | Еліміздің ертеңгі-өлескен ұрпақтың кемел келешегіне арнап,білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін                                         | Мукашева<br>Айнур<br>Алмасқызы        | Алғыс хат<br>2023 |                               |  |                   |
| 18 | «Ұлттық қолөнер-балалар мұрасы» қолөнер байқауы                                                                                                           | Наурзалин<br>Маралбай<br>Задигереевич | II орын<br>2024   |                               |  |                   |
| 19 | «Ұлттық қолөнер-балалар мұрасы» қолөнер байқауы                                                                                                           | Наурзалин<br>Маралбай<br>Задигереевич | III орын<br>2024  |                               |  |                   |
| 20 | Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу мен сапалы білім беру ісіндегі табысты ұстаздық еңбегі үшін                                                     | Наурзалин<br>Маралбай<br>Задигереевич | Алғыс хат<br>2024 |                               |  |                   |
| 21 | Ақтөбе облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы                                                                                                               | Наурзалин<br>Маралбай<br>Задигереевич |                   | Алғыс хат<br>2022             |  |                   |
| 22 | Облыстық пәндік олимпиада                                                                                                                                 | Наурзалин<br>Маралбай<br>Задигереевич |                   | II дәрежелі<br>диплом<br>2024 |  |                   |
| 23 | Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу мен сапалы білім беру ісіндегі табысты ұстаздық еңбегі үшін                                                     | Ашықбаев Ербол<br>Балагулович         | Алғыс хат<br>2022 |                               |  |                   |
| 24 | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы                                                                                                               | Ашықбаев Ербол<br>Балагулович         |                   | II дәрежелі<br>диплом<br>2023 |  |                   |
| 25 | Педагогикалық конкурс                                                                                                                                     | Ашықбаев Ербол<br>Балагулович         |                   | II дәрежелі<br>диплом<br>2024 |  |                   |
| 26 | Халықаралық конкурс «Пони»                                                                                                                                | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             |                   |                               |  | Диплом<br>2023    |
| 27 | Халықаралық конкурс «Пони»                                                                                                                                | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             |                   |                               |  | Алғыс хат<br>2023 |
| 28 | «Lesson Study:Қазақстан педагогтерінің тәжірибесі»                                                                                                        | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             |                   | Алғыс хат<br>2023             |  |                   |
| 29 | Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін еліміздің ертеңі-өскелең ұрпақтың кемел келешегіне арнап,білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             |                   | Құрмет<br>грамотасы<br>2024   |  |                   |
| 30 | «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың поэзия байқауы                                                                                                             | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             |                   | Алғыс хат<br>2022             |  |                   |
| 31 | «Алтын тұғыр» математикалық олимпиада                                                                                                                     | Ашықбаева Лида<br>Әлиқызы             | Грамота<br>2023   |                               |  |                   |
| 32 | Педагогикалық конкурс                                                                                                                                     | Каракойшин<br>Сагындық<br>Коркытович  |                   | II дәрежелі<br>диплом<br>2024 |  |                   |
| 33 | Ақтөбе облысының білім басқармасынан алғыс                                                                                                                | Каракойшин<br>Сагындық<br>Коркытович  |                   | Алғыс хат<br>2024             |  |                   |
| 34 | «Аманат» партиясы                                                                                                                                         | Каракойшин<br>Сагындық<br>Коркытович  |                   | Алғыс хат<br>2023             |  |                   |
| 35 | Пәндік олимпиада Ақтөбе облыстық ғылыми                                                                                                                   | Атшибаева<br>Нургул                   |                   | III орын                      |  |                   |

|    |                                                                                                                       |                                    |                          |                      |                                  |  |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|--------------------------|----------------------|----------------------------------|--|
|    | тәжірибелік орталығы                                                                                                  | Саликовна                          |                          |                      |                                  |  |
| 36 | Сөз шебері                                                                                                            | Адилова Мулдир<br>Максатовна       | I орын 2022              |                      |                                  |  |
| 37 | Педагогикалық пәндік<br>олимпиада                                                                                     | Адилова Мулдир<br>Максатовна       |                          | I орын 2022          |                                  |  |
| 38 | Үздік маман және үздік<br>оқырман                                                                                     | Адилова Мулдир<br>Максатовна       | I орын<br>2023           |                      |                                  |  |
| 39 | Үздік маман және үздік<br>оқырман                                                                                     | Адилова Мулдир<br>Максатовна       | I орын<br>2024           |                      |                                  |  |
| 40 | Педагогикалық конкурс                                                                                                 | Адилова Мулдир<br>Максатовна       |                          | Сертификат           |                                  |  |
| 41 | Әдебиет майталманы<br>Түркістан қаласына<br>саяхат                                                                    | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   | I орын<br>2024           |                      |                                  |  |
| 42 | Педагогикалық пәндік<br>олимпиада                                                                                     | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   |                          | II орын              |                                  |  |
| 43 | Әкеге арнау жыр байқауы                                                                                               | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   | I орын 2023              |                      |                                  |  |
| 44 | Білім беру үдерісінде<br>геймификацияны<br>қолдану арқылы күрделі<br>тақырыптарды меңгеру<br>Әдістемелік байқау       | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   | Мақтау<br>қағазы 2024    |                      |                                  |  |
| 45 | Эссе байқауы                                                                                                          | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   |                          | III дәрежелі<br>2022 |                                  |  |
| 46 | Бәсекеге қабілетті жеке<br>тұлға тәрбиелеу мен<br>сапалы білім беру ісіндегі<br>табыстық ұстаздық<br>еңбегі үшін      | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   |                          | Алғыс хат<br>2022    |                                  |  |
| 47 | Тиімді оқыту-сапалы<br>білім кілті<br>Әдістемелік байқау                                                              | Дуисалина<br>Шынар<br>Бірлікқызы   | Мақтау<br>қағазы<br>2022 |                      |                                  |  |
| 48 | Жаңа замандағы білім<br>беру аудандық тамыз<br>кеңесі                                                                 | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна | Мадақтама<br>2024        |                      |                                  |  |
| 49 | Білім көкжиегіндегі жаңа<br>мүмкіндіктер облыстық<br>дебат турнирі                                                    | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна |                          | Диплом<br>2024       |                                  |  |
| 50 | Жыл директоры                                                                                                         | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна |                          |                      | II дәрежелі<br>диплом<br>2022    |  |
| 51 | Мектеп басшылары<br>арасында тәжірибе<br>алмасқаны үшін                                                               | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна | Мадақтама<br>2022        |                      |                                  |  |
| 52 | Білім беру үдерісінде<br>геймификацияны<br>қолдану арқылы күрделі<br>тақырыптарды меңгеру<br>Әдістемелік байқау       | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна | Мақтау<br>қағазы 2024    |                      |                                  |  |
| 53 | Кәсіподақ салалық<br>ұйымына сіңірген еңбегі<br>үшін                                                                  | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна |                          |                      | Төс белгі<br>2022                |  |
| 54 | «Баріне білім» ауыл<br>мектептерін әлеуметтік<br>қолдау жобасы аясында<br>«Қазақстан мұғалімі»<br>ұлттық грант иегері | Жакупова<br>Бибигуль<br>Турлановна |                          |                      | 1 000 000<br>теңге<br>сертификат |  |

**Білім беру процесінің мониторингі дегеніміз** - білім беруді басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталып, алынған ақпаратты жинақтау мен талдау негізінде білім беру жүйесіндегі процестердің барысын, нәтижелері мен тиімділігін үздіксіз бақылау; білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларының, нәтижелерінің өзгеріс серпіні мен жай-күйін жүйелі түрде бақылау, талдау және бағалау. Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде мектептің көшбасшы мұғалімдері мен үздік шығармашыл жыл ұстазын анықтау мақсатында мектепшілік мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде зерттеуші-педагог, шығармашыл ұстаз, дарынды шәкірт дайындауда үлкен жетістікке жеткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Казмуканова Гулнази Бабатаевна оқ бойы үздік шығып, мектепшілік жыл қорытындысы бойынша **«Жыл ұстазы»** номинациясына ұсынылды.

**Көшбасшы мұғалімдер** қатарынан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ш.Б. Дуисалина, Е.Б. Ашыкбаев, математика пәні мұғалімі Г.А. Барлыбаева, биология пәні мұғалімі Г.Т. Бегимбетова, тарих пәні мұғалімі С.К. Каракойшиндер көрінді.

Жаңарған білім мазмұны жағдайындағы әдістемелік қызметтің негізгі бір түрі- жас мұғалімдермен жұмыс жүргізу. Ұжымға келген жас мұғалімді қабылдау, оған ұжымның дәстүрлі жұмыс бағытын таныстыру, маман ретінде атқаратын міндеттерін нақты түсіндіру, оның кәсіби біліктілігін жетілдірудегі жылдық, тоқсандық жоспарларын бірлесіп жасау, жас маманға өз жұмысының нәтижесі негізінде алғашқы күн, алғашқы апта, алғашқы ай, алғашқы тоқсан, алғашқы жыл жайында алған әсерлері бойынша ой толғау немесе презентация жасауға көмектесу бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде жас мамандар да рейтинг барысында тым төмен көрсеткіш көрсеткен жоқ.

### **Оқу- материалдық активтер**

#### **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттары:**

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектеп 1969 жылы салынып, пайдалануға берілді. Жалпы ауданы - 1257,5ш/м. Мектеп ғимараты 320 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: 2022 жылы мектеп ғимаратына 291684 теңгеге, 2023 жылы 240263 теңгеге, 2024 жылы 259 301,50 теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, жаратылыстану, әмбебап, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған. Техникалық төлқұжат бойынша бөлмелер саны-26, оқу кабинеттері-12.

Информатика-1(49,2м2); (информатика кабинеті 2018 жылы компьютермен, 2020 жылы 16 ноутбукпен жабдықталған), Әмбебап-1(48,6м2); (әмбебап кабинеті 2023 жылы жабдықталған), Химия-1(49,2м2); (химия кабинеті 2023 жылы жабдықталған), Қазақ тілі -1(48,6м2); Жаратылыстану-1 (48,6м2); (жаратылыстану кабинеті 2021 жылы жабдықталған), Физика-1(49,8м2); (физика кабинеті 2023 жылы жабдықталған), Алғашқы әскери дайындық кабинеті-1(49,2м2), Мектепалды сыныбы-1(49,8м2); Бастауыш сынып кабинеті-1 (48,6м2), Бастауыш сынып кабинеті-1 (49,8м2), Технология қыз балалар кабинеті-1 (34,8м2), Технология ер балалар кабинеті-1 (44,6м2); Интерактивті тақта-1, Интерактивті панель тақта, Проектор, шаңғы комплекте таяқтарымен 10 жұп, коньки-4 жұп, теннис үстелі-2, бекітілген сырғанақ-2, төсеніштер, коньки-4, шарлар.

Қосалқы кабинеттер (мамандар кабинеті): директор, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-1, спорт зал-1(128,8м2). Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықтау көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал-жабдықтар, информатика, әмбебап, химия, физика, жаратылыстану кабинеттері жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б.зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде проектор, экрандармен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютермен (ноутбуктармен) қамтамасыз етілген.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертхалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пунктері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын

раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

Мектептің оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. Кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды.

Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес физика зертханасы, химия зертханасы оқу зертханаларының құралдары көрсетілген. /қосымша-9/. Ғимаратта №ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитарлық тораптардың (унитаз, қол жуғыштар болуы). Мектепте 1 ауыз су ішетін орын бар. 4 унитаз, 3 қол жуғыш бар.

**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәлімет**

Мектепте балаларға медициналық қызмет көрсететін кабинет бар.,бір мектеп медбикесі қызмет көрсетеді.

**Медициналық қызмет көрсетудің болуы,оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылы бойынша жағдай**

| Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен-жайы | Медициналық қызметке арналған лицензия туралы мәліметтер (нөмірі) | Ескерту |
|-------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|---------|
| Абай атындағы ЖОББМ                             | № 10617DD 18.11.2019 жыл                                          |         |

**Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:**

1-4 сынып оқушылары үшін темір шкафтар -12 дана. 4 секциядан 48 оқушыға арналған.

Сомасы 33824 теңгеден 405 888 теңгені құрайды.

**Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім ұйымдарының үй-жағдайларының және іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы:**

Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны-20. Оның ішінде мектеп ішінде-12 дана,мектеп Сыртында-8. Бейнебақылау жазбасы 30 күн сақталады. ЦОУ ға қосылмаған.

**Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

Мектепте кітапхана бар.Кітапхана ауданы 48.6 ш.м. Оқу залы бар.Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшағасәйкес нысан бойынша).Кітап қоры туралы:Жалпы кітап қоры-9930. Оның ішінде қазақ тілінде кітап саны-8832,орыс тіліндегі кітап саны- 1098. Оның ішінде оқулықтар -6372,көркем әдебиеттер саны-3385,оның ішінде қазақ тілінде -2287,орыс тіліндегі - 1098,электронды оқулықтар саны-42,жалпы брошюралар мен журналдар-109,жалпы оқырман саны-150. 2019 жылы «Білім беру ұйымының ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі» 2019 жылы«**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы жүзеге асыру аясында «**Кітап- білім бұлағы**» атты буккросинг акциясына қатысқан үшін Алғыс хат

2022 жылы 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай волейбол жарысынан «**Үздік қорғаушы**»

**Интернет желісіне қосылған компьютерлердің компьютерлік сыныптардың болуы туралы мәлімет**

Мектептегі компьютерлер саны- 23 дана. Ноутбуктер-31 дана. Оның ішінде оқу процесінде қолданылатын компьютер-13 дана, ноутбуктер оқушылар үшін-24 дана, педагог қызметкерлер үшін компьютер 4 –дана оның ішінде 1 компьютер интернет желісінде 3-еуі қазақ тілі 1 дана , дене шынықтыру 1дана ,1данасы информатикада орналастырылған.

Әкімшілік қызметкерлерге қолдануға –3 дана(кітапхана,іс-қағаз,шаруашылық меңгерушісі берілген)

Қалған 3 данасының ішіндегі бағдарламасы жарамсыз. Пәнді оқытуға арналған компьютерлік сыныптар саны-1. «Информатика» кабинетінде-14 дана. Мектептегі интерактивті тақта саны-1(жаратылыстануда тұр). Жаңа интерактивті панельдер саны-3 дана(эмбебап,химия,физика кабинеттерінде). Проекторлар саны- 6 дана ( информатикада1 дана 2016 жылғы,2дана бастауышта 2018 жылғы,1 дана қазақ тілі 2018 жылғы,1 дана демеушілікпен жылжымалы 2018 жылғы,1 дана жаратылыстануда демеушілікпен 2018 жылы,1 дана МАД 2018 жылы келген) .

Оқу үрдісінде және әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарына қолданылатын принтерлер саны- 3дана (1 дана қабылдау бөлімінде,1 дана мұғалімдер бөлмесінде. 1 дана істен шығып тұр)

Мектепте интернет нүктесі 2 нүктеге қосылған.

1-еуі информатика кабинетінде орналасқан. Starlink желісінде 22.05.2024 жылы орнатылған интернет

жылдамдығы 150 М бит/с  
1-еуі мұғалімдер бөлмесінде. Astel акционерлік қоғамы,21.05.2019 жылғы мемлекеттік сатып алу шарты негізінде орнатылған.Интернет жылдамдығы 20 М бит/с

**Білім алушылардың тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер**

Мектепте 24 орынға арналған асхана бар. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында,мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім беру білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру,сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда,жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 10 білім алушы буфеттік режимде тамақтанады.

2022-2023 оқу жылында асхана режимінде жұмыс жасаған

| Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен-жайы | Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, кафе) | Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні мен нөмірі) | Ескертпе (тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)                   |
|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Құмқұдық селосы,Мектеп құрылыс 11               | асхана                                             | D.09.X.KZ№14VWF00 025611 11.03.2020                                                                                                               | Жайлышева Жаркынай Аманжоловна Ақтөбе облысы,Темір ауданы,Шұбарқұдық кенті Садовая № 5 келісім шарт №311,28.09.2022 |

2023-2024,2024-2025 оқу жылында буфеттік режимге көшкен

| Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен-жайы | Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, кафе) | Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні мен нөмірі) | Ескертпе (тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)            |
|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Құмқұдық селосы,Мектеп құрылыс 11               | буфет                                              | № KZ 76VWF00146230 15.03.2024                                                                                                                     | Жетписбаева Гульнара Амангельдиевна ҚР,Ақтөбе облысы,Темір қалалық округы,Темір қаласы,Абу Такенов көшесі 11 |

## Білім алушылардың білімін бағалау

### Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

